

# АУЫЛДЫҢ АЙТҚЫШТАРЫ





# АУЫЛДЫҢ АЙТҚЫШТАРЫ

*Екінші кітапша*

ҚҰРАСТЫРҒАН — ЖАНАТ ЕЛШІБЕК



Алматы «Өнер» 1994

— Оның түк те қиындығы жоқ,— дейді сонда Изекең жұлып алғандай.— Қасқырды қырудың ең оңай жолын мен айтайын. Бір арланды ұстап алып, мойнына бір жарты арақ байлап жіберіңдер. Сол арақты тауып ішкенше, біздің ауылдың жігіттері бүкіл қасқырды қырып шықсын.

### «КЕШКЕ ДЕЙІН БІТІРІП ТАСТАСЫН»

Шабындық басталған күні пішеншілер арасынан келген бір жігіт есік алдында отырған Изекеңді көріп бұрылады. Жігіт қызулау екен, амандықтан соң:

— Биыл шөп шығымды екен. Түске дейін талай жердің шөбін шаптық. Енді қыстақтарға көктей жеткізіп аламыз,— деп лепіре сөйлейді.

Тегі, бұл жігіт жайшылықта көп сөйлемейтін біртоға адам болса керек.

— Жұмыртқаға да тіл бітірген қайран арақ-ай, ә,— деп, Изекең басын шайқап отырады да, бір кезде:— Әй, мынаған тағы бір жүз грамм беріндерші, қалған шөпті кешке дейін шауып бітіріп тастасын,— деп айқай салыпты келініне.

### «БАЙТАЛЫҢЫЗ ТАБЫЛДЫ МА?»

Изекең ауырып қалып, көрші тұратын молда келіп дем салып жүреді екен. Бір жолы бұрынғы әдетімен әлгі кісі Изекеңнің бас жағына отырып алып, дұғасын оқыған соң, «Сүф!» деу үшін еңкейе бергенде, Изекең:

— Ақсақал, байталыңыз табылды ма?— депті.

Молдекең не дерін білмей сасып қалыпты да, сәлден соң орнынаң тұрып жүре беріпті.

*Константин Петрович Ботов — көп жыл бойы түрлі басшылық қызмет атқарған, ел-жұртқа танымал азамат. Қазақ тіліне жетік, әзіл-қалжыңға жүйрік Константин Петровичті Қарағанды халқы «Кәкең» деп құрмет тұтады. Сол кісі айтты деген әңгіме ел арасында көп.*

## ТЕСІК ТӨБЕ

Отызыншы жылдардың бас кезі болса керек. Кәкең бір топ кісімен бірге ел аралап келе жатып, бір үйге түседі. Үйде қызы мен шешесі ғана бар екен. Кәкең дастарқан жасап, қымыз әкеліп жүрген қызға қайта-қайта қарай берсе керек.

— Мына сары орыстың көзінің тұздайын қарашы,— дейді қызы.

— Ақырын, қызым, төбесі тесік болып жүрмеңін,— дейді шешесі.

Мұны естіп қалған Константин Петрович:

— Төбем тесік болса, айран құйып ішейін деп не едіңіз?— деген екен.

Шешесінің қымыз сапырып отырған ожауы қолынан түсіп кетіпті. Қызы далаға қарай ата жөнелген көрінеді.

## АТЫП ЖЕУ

Бұрын көп жыл «Заготскотты» басқарған Константин Петрович облыстық аңшылық инспекциясына бастық болып ауысады. Сол кезде бұрыннан сыйлас, облыстағы лауазымды басшының бірі:

— Кәке, хал-жағдайыңыз қалай?— деп, кездескен сайын қайта-қайта сұрай берсе керек.

Сонда Кәкең:

— Менің хал-жағдайымды несін сұрай бересіз? Бұрын жатып жесем, енді атып жейтін болдым. Құдайға шүкір, қарын тоқ, уайым жоқ,— деген екен.

### «ҚАЗАҚША АЙТЫП БЕРШІ...»

Бірде Константин Петрович кабинетінде отырса, бір жігіт кіріп келеді де: «Здрасте!»— деп амандаса салып, келген шаруасын ағыза жөнеледі. Өзінің шала орысшасымен үсті-үстіне төпелеп, аузын аштырмайды. Енді не де болса айтып бітпей тоқтамасын білген Кәкең оның сөзінің соңын күтеді. Бір кезде ол орысша сайрап бергеніне масаттанғандай, орындыққа шалқая, маңғаздана отырады.

— Ал, енді осының барлығын қазақша айтып берші,— дейді Кәкең сонда.

Ол Константин Петровичтің бетіне қарап, таңданып отырып қалады да, екі беті қып-қызыл болып, үн-түнсіз шығып кетеді.

— Сол жігіттің ұялғаны-ай. Содан қайтып көрінген емес,— деп есіне алады Кәкең.

### СЕКІРТЕТІН МЕН КЕКІРТЕТІН

Константин Петровичтің үйіне бір күні замандасы Әкім Серіков қонаққа келіпті. Үстел басына отырған соң, Кәкең қонағына шампан мен коньякты нұсқап:

— Қайсысын құяйын, — секіртетінін бе, әлде кекіртетінін бе?— деп сұраған екен.

### ҚАЗАҚША АТАУ

Бір жігіт қазақ тілін жақсы білемін деп мақтана берсе керек. Сонда Константин Петрович одан:

— Мынау не?— деп сұрайды.

— Бұл кәдімгі құрт қой,— депті анау саспай.

— Соқ,— дейді сонда Кәкең,— мұны «сықпа» деп атайды.

— Ал киіз үйдің үзігін айналдыра жапсырған оюды не деп атайды?

— Оюдың аты — «ою» емес пе!

— Білмейді екенсің ғой. Оны «дөдеге» дейді.

— Енді түйенің мұрнына тағатын қыл мұрындықтың атын білесің бе?

— Жоқ,— деп мойындайды әлгі жігіт.

— Әй, сен өзің қазақ емес екенсің ғой. Оны «бұйда» деп атайды,— деп, Константин Петрович оған қатты ренжіпті.

*Тұрсын Төреғожин Қарағанды мен Жезқазған облыстарының біраз аудандарында жауапты басшылық қызмет атқарған еді. Сол кісінің дуалы аузынан шығып, ел арасына тарап кеткен талай әңгіме бар. Соның бірі — төмендегідей.*

### «ОРЫН БАР ЕДІ ҒОЙ...»

Тұрсекеңнің Ақтоғай аудандық ауыл шаруашылығы басқармасында бастық болып істеп жүрген кезі екен. Бір күні таңертеңгілікте қызметкерлерін жинап алып, ілездеме өткізіп жатады. Дәстүр бойынша орынбасары мән-жайды баяндайды да, сөзін:

— Кеше Тукөденің даласында Балқаштан бензин әкеле жатқан бір мәшине қарсы келе жатқан мәшинеге соғылысып қалып, жанып кетіпті. Жүргізушілері аман көрінеді,— деп аяқтайды.

Ол кезде Балқаш пен Ақтоғайдың арасында қазіргідей асфальт түгілі, тас жол да жоқ. Тукөде десе деген-

дей, көде ғана өсетін ту далада мәшине атаулы жайдақ жолмен ағыза беретін.

Сонда аз-кем ойланып отырып қалған Түрсекең:

— Япырай, ә! Тукөденің даласында екі мәшине сыятын орын бар еді ғой,— деген екен.

*Қаура Әбдіразақов марқұм ақ-  
жарқын, ақкөңіл, аңқаулау адам  
еді. Сол кісінің сөздері де ел ара-  
сында бірталай.*

### «ДАЙЫНДАЛДЫҚ ҚОЙ»

Бірде облыс басшыларының бірі келмекші болғанын естіп, совхоз басшылары жұртшылықты аяқ астынан әбігерге түсіреді. Орталық мекенді жөнге келтіртіп, бір қыстақтың басын әдейі көрсетуге дайындап, мұнтаздай етіп тазалатып қояды. Облыс басшысы бәрін көріп, риза болса керек, әлгі қыстақ басына келгенде:

— Қыстақтарың жақсы екен, таза екен,— дейді.

Сонда Қаурекең елдің алдына суырылып шыға келіп:

— Енді қалай, сіз келеді дегенді естігеннен кейін жан-құтымыз қалмай тазаладық қой,— деп соғып салған көрінеді.

### «СЫЙМАСА, ЗОРЛАМАҢЫЗ»

Қарқаралы ауданындағы Нұркен атындағы совхозда Майда Құрал деген кісі болды. Ол кісі үлкенге де, кішіге де «сіз» деп сөйлейтін өте биязы адам екен, сондықтан «Майда» атанып кетсе керек.

Бірде көп адам қонақтан тарқайды. Солардың ішінде қызыңқырап қалған біреу өзінікі екен деп, Құрекеңнің галошын кие алмай, соқталап жатады. Мұны көріп



тұрған Күрекең болса, басқалар сияқты: «Бұл менікі еді»,— деп жармаса кетпей:

— Сыймаса, зорламаңыз... сыймаса, зорламаңыз,— деп күбірлесе керек.

Әлгі адам басқа біреудің галошын киіп жатқанын сонда ғана біліп, иесіне қайтарыпты.

## ЕТ ЖЕМЕЙТІН ШОЙКЕҢ

Ақтоғайда Шойынбай деген кісі болды. Сол кісі қонаққа барғанда, кейбір қалжындайтын адамдар:

— Шойкең ет жемейді,— дейді екен.

Сонда Шойкең:

— Мен ет жемеймін, сорпа ішемін,— деп, жеп отырған етін тастай салып, сорпа алдырып ішеді екен.

Бірде қонақта отырғанда біреу:

— Шойкең бауырсақ жемейді,— дегенде, Шойынбайдың:

— Иә, мен майға піскен тамақ жемеймін,— деп, нан алғызып жегенін өзім көргенім бар.

## «ЖӨН-АҚ»

Үлкен әкем Жаманбаланы ауыл адамдары «Жәмекеш» деп атап, «Жәмекең» деп құрмет тұтатын. Сол кісінің «Жөн-ақ» деген сөз мәтелі еді. Қуанса да, ренжісе де: «Жөн-ақ»,— деп отыратын. Кейде қисынсыз жерде «Жөн-ақ» дегені үшін кейбіреулер ренжіп те қалатыны бар-ды. Ауыл арасында «Жәмекең айтқандай, жөн-ақ» деген сөз келе-келе мәтелге айналды.

Бір күні атам тау басында қой жайып тұрса, Сәркеннің Қойшыбегі деген жігіт келіп сәлем береді. Атам:

— Иә, Қойшыбек, қай жақтан жүрсің?— деп жөн сұрайды, сәлемін алған соң.

— Мына жақтан келемін,— дейді Қойшыбек Өгіз-

тау жақты нұсқап.— Жылқыға барып едім. Бием құлындаған екен, құлынын қасқыр жеп кетіпті.

— Жөн-ақ!— дейді атам.

Мұндай сөз күтпеген Қойшыбек:

— Ақсақал-ау, менің құлынымды қасқыр жегенінің несі жөн?— деп, жатып-тұрып ашуланыпты.

### «...ТРЕЛЯЮ!»

Облыстық баспаханада көп жыл бас инженер, кейін директор болған, қазір зейнеткер Марк Яковлевич Кириевскийді қарағандылықтар жақсы біледі. Ол кісінің кекештігі бар болатын. Кейде қарсы кездесіп қалып, сәлем берген кезде:

— 3-3-3... — деп, тұтығып тұрып қалады.

Сөзінің соңын күтіп қашанғы қарап тұрасың, аяндап әрі қарай кете бересің, сол кезде арт жағыңнан:

— ...дравствуй!— деген дауыс естисің.

Сол Марк Яковлевич соғыс жылдарында баспахана бастығы болып істепті. Ол кезде баспахана қызметкерлеріне тапанша береді екен. Бір күні Марк Яковлевич түнде жұмыстан шығып, үйіне қайтып келе жатады. Оны подъезге жете бергенде, қолында пышағы бар екі қарақшы тоқтатып, киімін сыпырып алмақ болады. Сол кезде тапаншасын суырып алады да:

— С-с-с...— дейді, онсыз да кекеш адам одан сайын тұтығып.

Қанша айтқанмен, жан тәтті ғой, тапаншаны көрген ана екеуі тұра қашыпты Марк Яковлевич болса төртінші қабаттағы үйіне келген соң, киімін шешіп жатып:

— ...треляю!— деген екен.

Сүйіндік Жанысбай.  
Қарағанды облысы.

*Қостанай облысының Меңдіқара өңірінде Ақілгек дейтін ақынжанды, сөзге ұста азамат болды. Ел аузында Ақілгек айтыпты дейтін бірталай сөз бар.*

## ЖЕТІЛГЕН АУЫЛНАЙ

Өтеш деген кісі соғысқа дейін тракторшы болыпты. Білімі жоқ. Майданнан бір қолынан жаралы болып оралғаннан кейін, елге ауылнай болады. Бір күні он алты шақырым жердегі Құрсай аулына Ақілгек жаяу кетіп бара жатса, соңынан ат-арбамен Өтеш ауылнай қуып жетеді.

— Бір ауыз өлең айтсаң, арбаға мінгізейін,— дейді ол Ақілгекке.

Сонда Ақілгек:

Басынан ана қырдың секіргенім,  
Арбаға мінгізші деп өтінгенім.  
Кешегі тракторшы Өтеш едің,  
Қарашы-ай, ауылнай боп жетілгенім!—

деген екен.

## ҚАЙНАҒАҒА СӘЛЕМ

Ақілгек өгізбен соқа айдап жүргенде, қамшы орнына ұстаған таяғы сынып қалады. Қолхоз басқармасы Мендібек Жүргімбеков бір жағынан өзіндей ақын, бір жағынан қайнағасы екен.

Сонда Ақілгек оған:

Қолыма ұстағаным терек болды,  
Өгізді бір салғанда бөлек болды.

Дұғай-дұғай сәлем де қайнағаға,  
Бір қамшы өгіз айдар керек болды,—

деп, бір жұмысшыдан сәлем жолдапты.

## ЕСКЕРУСІЗ ҚАЛҒАНДА

Қайнағасы Мендібек бір қуанышына қой сойып,  
жұртты шақырғанда, Ақілгек ақын ескерусіз қалыпты.  
Ертеңіне Ақілгек:

Қайнаға қара қойды сойды ма екен,  
Етіне қара қойдың тойды ма екен.  
Інім жоқ, келінім келмей қалды ғой деп,  
Етінен бір жапырақ қойды ма екен,—

деп, өлендетіп өзі жетіпті.

*Қостанай өңірінде көп жылдар бойы түрлі басшы қызметтер атқарған, елге сыйлы, халыққа қалаулы Сағынай Омаров деген азамат болды. Сәкеңді Торғай елі де жақсы біледі. Араласқан жұрты «Сәкең осылай деп еді», «Сәкең айтып еді» — деп, ол кісіні әлі күнге дейін ұмытпайды.*

## СӨЗГЕ ҚҰЛАҚ

Торғайда Албарбөгет МТС-інде аймақтық партия комитетінің хатшысы болып істеп жүрген кезінде Сағынай Омаровты колхоз басқармасы Қайырбек Нәлібаев қонаққа шақырады. Сәкең інісі Сағындықты бірге ала барады. Ашты-тоқтылығы бірдей жүдеушілік

жылдар ғой. Басқарманың табағы қанша дегенмен семіздеу болса керек.

— Басқарма үйінің асы өте дәмді көрінеді, еттің тұздығына жуа тұрайды екен, сары майы да тіл үйіреді,— деп әзіл араластырады Сәкен.

Қонақтар аттанып кетеді. Ауылдан ұзай бере інісі Сәкен:

— Аға, жаңағы басқарманың үйі арбаға бір қап жуа, бір қарын май, ет салды,— дейді.

— Е, Қақаң сөз ұғатын кісі ғой. Менің ойымда ештеңе жоқ, манағы дастарқан үстінде ақ көңіліммен айтқаным еді. Нәті, сөзге мән беру кісілікке жатады. Бұрынғыдан келе жатқан бір жұқанақ қой,— депті сонда Сәкен.

## ЫҒЫНА ЖЫҒЫЛУ

Қостанай облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы Андрей Михайлович Бородиннің қылышынан қан тамып тұрған кезі екен. «Орқаш» совхозының директоры Сағынай Омаров пен парторг Зәкәрия Балшықбаевты обком бюросында қарапты. «Міне, үстеріннен арыз түсті. Ұлтшыл екенсіңдер. Тың игеруге келген ағайындарға: «Сендерді кім айдап әкелді, Украинаға кетіңдер»,— депсіңдер. Кәне, жауап беріңдер. Парторг, сен неңді қарап жүрсің?»— дейді бірінші хатшы. Парторг:

— Өздері жұмыс істемейді, жалқау, маскүнем. Директор ұрысса, жөнін айтты, айналайын деуі керек пе?— деп, шындығын айтса, Бородин:

— Сен, немене, адвокатсың ба? Омаров үшін жауап беріп нең бар? Екеуіңді де құртамын. Орындарыңнан аламын!— деп, қаһарына мінеді. Содан кейін:

— Ал, сен не айтасың?— дейді директорды тұрғызып.

— Менің ол берекесіздерге кет дегенім рас. Бірақ ұлтшылдығымнан емес, ыза болып айттым. «Біздің тір-

лік ұнамайды екен, Украинада өмір жақсы, тегін тамақ, жылы төсек, сонда барыңдар. Бірақ сендей жалқауларды Украина да маңдайдан сипай қоймас»,— дедім. Украинада тұрмыстың жақсы екені рас. Мен өзім сүйтіп жұмыс істе дегенім үшін сіздерден сөгіс естігенше, Украинаға кетіп қалар-ақ едім,— дегенде, Бородин әзер жібіген көрінеді.

Сыртқа шыққаннан кейін Сағынай Зәкәрияға:

— Сенің сонша еліргеніңе жол болсын. Мұндайда қатты кетуге болмайды ғой,— дейді.

— Несіне қорқам? Әзер болса агроном болып істей берермін,— дейді ол.

— Жарайды, сен ғой істейсің. Мен қайтем? Пенсия-ма бірер жыл қалғанда... Әйтеуір, Украинаны мақтап құтылып кеттім. Ығына жығылдым. Мен де қасарысам не болар еді?— деп мұңайған көрінеді сонда Секең.

## АШТЫҚ

Сағынай Омаровтың зейнеткер шағы болса керек. Бірде үйіне інісі келсе, Секең көңілсіз отырған көрінеді.

— Е, аға, неге ұнжырғаңыз түсіп кеткен?— дейді інісі.

— Ашпын! — дейді ағасы.— Үйдегілердің бірі оқуға, бірі қызметіне кетті. Жеңгең базар аралап жүр. Маған тамақ беретін ешкім қалмады.

Інісі мұздатқышты ашып қараса, тамақтың түр-түрі толып тұр екен.

— Аға-ау, ашпын дегенше, өзіңіз бір тірлігін жа-сауға болады екен ғой,— десе:

— Қалқам-ау, мен плита жаға алмаймын ғой. Сон-соң осы жасыма келгенше қазан-ошаққа араласып көр-гем жоқ. Және ас-суға ебімнің барын білсе, әйел заты мойныңа мініп алмай ма,— депті Сағынай ағынан жа-рылып.

*Кезінде Нұрқан Ахметбековтің замандасы болған, онымен талай айтысқа қатысқан, от тілді, орақ ауызды, суырыпсалма, шешен Өтей Қалиевтан қалған сөз Қостанай өңірінде көп.*

## «ЖЫРТЫЛМАЙТЫН ДӘПТЕР»

Өтекең Алматыда жоғары партия мектебінде оқып жүрген кезде ешқашан конспекті жазбайтын көрінеді. Бірақ қашанда сабақты жақсы үлгеріп, ылғи «4» пен «5» алып жүреді.

Бір күні оқытушы одан:

— Осы сіз неге конспекті жазбайсыз?— деп сұрапты.

— Жазудан қорқамын. Жазған нәрсе не жыртылып қалады, не жоғалып кетеді. Сондықтан мен тыңдағанымды, тоқығанымды, оқығанымды жыртылмайтын да, жоғалмайтын да сенімді «дәптеріме» жазып қоямын,— деп, басын көрсетіпті ол.

## ҚЫСЫЛҒАН СӘТТЕ

Бірге оқитын жолдастары Өтейді бір ғана ретте «оқымаған» тұсынан көріпті. Бірде орыс және қазақ мұғалім қатар отырып емтихан қабылдап жатыпты. Өтекең жауап берудің орнына, тілі байланып қалғандай, оқытушыға бақшиып қадалыпты да қалыпты. Сонсоң сөйлеп отырған орысшасын доғара салып, қазақ мұғалімге қарап, іс-міс жоқ:

— Бетім быттиып, бұтым тылтиып, көзім бақырайып, аузым аңырайып тұрғанда, сізден не жақсылық көрер екем?— депті.

— Сіз жауабыңызды орысша айтыңыз,— дейді орыс мұғалім.

— Мен мұның орысшасын білмей тұрмын. Қазақша айттым. Жауабым дұрыс, сенбесеңіз, мына кісіден сұраңыз,— дегенде, ана мұғалім де: «Иә, иә, айтты»,— деп қостай қойыпты. Сөйтіп, Өтекең қысылған сәтте айла тауып, бұл жолы да бір «төртті» олжалап шыққан көрінеді.

## ҚИСЫНДЫ ҚАЛЖЫҢ

Өтекең кез келген жерде сайқымазақтанып, жұртты күлдіріп отырады екен. Әсіресе құрдастарымен қатты қалжыңдасады. Ол Сардан Дәулетов дейтін жерлесімен партия мектебінде бірге оқиды. Сарданның атын қалжыңға қоспаса, Өтекеңнің тамағынан асы өтпейтін көрінеді. Бірде оқытушы тыңдаушылардың білімін тексеру үшін сұрақ беріп жатыпты. «Антарктиданы ашқан кім?»— деп сұрайды бір кезде. Өтей Қалиев ұшып тұрып:

— Антарктиданы Фадей Фадеевич Беллинсгаузен ашқан, ал енді осы күні оған жан-жақты зерттеу жүргізіп жатқан — қазақ ғалымы Сардан Дәулетович Дәулетов... — депті аузы аузына жұқпай. Оқытушы аң-таң.

— Кім, кім дедің?

— Сардан Дәулетович Дәулетов!— деймін.

— Оның кім еді? — дейді оқытушы танданып.

— Бұл кісі әлі атағы шыға қоймаған ғалым, бірақ келешегі үміт күттірерлік... Түбі үлкен зерттеуші болатын ғалым,— дейді Өтекең.

— Оны қайдан білдің?

— Бір брошюрадан оқыдым,— дейді Өтекең.

— Ә...Ә... жарайды онда,— депті Өтекеңнің бұл сөзіне сенерін де, сенбесін де білмеген оқытушы.



## ДҮЗЕНШІЛЕП...

Қостанайдың Әуликөл өңірінде «Дүзен айтқан екен», «дүзеншілеп» тәрізді сөз тіркестері айтылады. Ноғайкөл аулында Дүзен дейтін қарапайым шаруа болыпты. Оның әңгімесінің қайсысы шын, қайсысы ойын екенін ауылдастары аңғармай қалады екен. Ел ақыны, бүгінде сексеннің үстіндегі Өтеміс Қалабаев ағамыз бір күні шілденің ыстығында Дүзенмен бірге көл жағалап келе жатады. Дүзен оған тік жарқабақты көрсетіп:

— Анау тесікті көрдің бе?— дейді.

— Иә, көрдім,— дейді Өтекен.

— Ендеше, оның сіз білмейтін бір оқиғасы бар,— дейді Дүзен.

— Айтыңыз,— дейді Өтеміс те ынтығып.

— Ана жылы ыстықтаған соң осы көлге кеп түсейін. Бойласам, бойым жетпейді. Не де болса түбіне жетіп көрейін дедім. Сөйтсем, түбіне дейін 2 метр 60 сантиметр екен. Қой, суға кетіп қалармын деп, жан дәрмен атқып шығам дегенде, басым екпініммен анау жарға соғылып, кіріп кеткені. Осы тесік содан қалды,— депті Дүзен беті бүлк етпестен.

Ойында ештеңе жоқ Өтекен: «Әй, сен дүзеншілеп кеттің ғой»,— деген екен.

## СӘЛЕМШІ «ЖІГІТТЕР»

Торғайда өткен бір тойда «Қызыләскер» совхозының жас директоры Балғабай Қабжанов қостанайлық меймандарға дастарқан жайып, құрмет көрсетіпті. Үстел басына отырысқан соң шаңырақ иесі:

— Сыртта бір жас жігіттер сіздерге сәлем беруге келіп қалыпты, рұқсат сұрайды,— дейді сыпайылап.

— О, сәлемші жігіттер болса, кірсін. Жараған!— дейді үйдегілер, бұлар қандай инабатты жігіттер еді деп сүйсініп.

Бір мезгілде дастарқанға арақ-шарап жетеді. Ішімдіксіз той өткізу науқан болған кез. «Бұл қалай?» — дегендей, бәрі аң-таң.

— Әу, әлгі сәлемші жігіттер қайда? Неге кірмейді? — дейді қонақтар дегбірсізденіп.

Сонда директор жымыып:

— Ағалар, енді өздеріңіздің рұқсатыңызбен еніп қалды мына «жігіттер», айып етпесеңіздер, тойдың бұл да бір аз ғана мәзірі ғой. Қош келдіңіздер! — деп, тостағандарды жылжыта бастағанда, істің мәнісін енді түсінген қонақтар:

— О пәлі, тойдан қалмайтын сәлемші «бозбалалар» осы десейші. «Сәлем де сәтімен» деген. Уағалайкумас-салам! — деп, көздерінен жас аққанша күлген екен.

Б а й т ұ р с ы н І л и я с.  
Қ о с т а н а й о б л ы с ы.

*Сыздықбай Рүстемов сонау отызыншы жылдардың басында Керекуде алғашқы машина жүргізушілердің бірі болды. Мінезі ашық, кімге болса да бетіне тура айтатын, бірбеткей, сөзшең адам еді.*

## СЕНІМ

Сыздықбай аға тік жүріп, тік өскен, үй шаруасына онша қыры жоқ болатын. Қысты күні қолға қарайтын бар малдың ауыртпалығы бір өзінің мойнына түскен Сара шешей мал жайлаассаңшы деп айтуға батпай, шет жағалатып:

— Сыз, малың не болып жатыр, соғымың қалай ет алды, соны өз көзіңмен көріп, анда-санда қораға бір кіріп шығуды да білмейсің, — деп жақауратады.

Қораға бір кірудің аяғы немен тынарын жақсы түсінген Сызақ:

— Сара-ау, бес-алты тұяқтың күтімін саған сенбеген кісідей соңыңнан еріп, бақылау жасап жүргенім көршілерден ұят емес пе. Саған сенбеймін бе, сенемін ғой,— депті.

Мұндай үлкен сенімге не болған Сара шешей содан кейін мал күтімін сөз етуді қойған екен.

### ҮЙРЕНГЕН КЛАСТА...

Бірде Сызақ жайланып сақал-мұртын алып отырса, екінші класта екі жыл қатарынан отырған ұлы сырттан асығып-аптығып жүгіріп келіпті.

— Не болды, әй?

— Көке, көке, мен көштім, үшінші класқа көштім.

— Не дейді-ей, мына күшік. Үйренген екінші класында отыра бермей, үйренбеген үшінші класс деген пәлені қайдан тауып алып жүрсің?— деп, Сызақ тұра ұмтылғанда, көшімпаз сабаз алды-артына қарамай тұра қашыпты.

### «МЕН КІСІ ЕМЕСПІН БЕ?..»

Бірде Сызақ көрші ауылдағы інісінің үйіне келсе, олар кешкісін қысқы омыртқаға қонақ шақырып, абырсабыр болып жатыр екен. Сызақ шай алдында қол шайған соң, орамал сұраса, балалар шифоньерден ұзын орамалды сүйретіп алып шығады. Сонда келіні балаларына:

— Андағы кісіге деген орамал ғой. Шағын орамалдардан алындар,— депті шырылдап. Сонда Сызақ:

— Немене, мен кісі емей, итпін бе сендерге. Әкеліңдер бері, қолымның суын ағызып тұрамын ба?— деп орамалды балалардан жұлып алған көрінеді.

— Дұғай сәлем Бөкеңе,  
Бір қой керек көкеңе.  
Актымен өзiм шығартам,  
Салып жібер Төкеңе.

Ж. Тұрғанбекұлы.  
Павлодар облысы.

## КАЙЗЕРДІҢ ҚУЛЫҒЫ

Көкшетау облысының Қызылту өңірі Қайзер деген азаматты жақсы біледі. Оның тегі басқа демесең, бар болмыс-бітімімен қазақ болып кеткендігін көзі көрген жұртшылық аңыз етіп әңгімелейді. Қиген киімінен, сөйлеген сөгінен тума қазақтың қасиеттері «менмұңдалап» тұратын деседі. Ел ішіне тастай батып, судай сіңіп кеткен осы бір азаматты ауылдастары да құрметтей білген.

Бірде Қайзерді ауылдастарының бірі құдалыққа алып барады. Ол құдалардың ішінде көзге ілінбей төменшіктеу тұста қалса керек. Үй иесі құда күту салтымен ортадағы сары майды омырып алып, келгендердің шай кесесіне тоғыта бастайды да, Қайзердің шайына май салуды ескермейді. Осыны жіті бағып отырған Қайзер қолындағы қасығын майға батырып жатып:

— Әй, осы сен  
Мен білетін сары маймысың,  
Жесем жүрекке дәру маймысың.  
Әлде көп қазақтың ішінде  
Бір немісті танымаймысың,—

депті. Мынадай сөзден кейін құдалардың бар ықыласпейілі Қайзерге ауған көрінеді.

## ҚАРЫНДАСҚА НАЗ

Көршілес облыста өткен бір тойға қатысу үшін Көкшетаудан арнайы топ барады. Оның құрамында төрт жігіт, бір келіншек болса керек. Той үзілісінде келіншек бейтаныстармен көп билеп кетіпті де, жерлестері еленбей қалғанға ұқсайды. Сонда топ басшысы:

— Мына қарындас бізді ұмытып кетті-ау өзі,— депті қасындағы ақын жігітке.

Сонда ақын: «Саспаңыз, қарындасыңыз қасыңызда болады» — деңті де, табанында төмендегі өлең жолдарын төкпелеп жіберіпті:

— Дедің бе жастық шағым өтер-кетер,  
Қарындас, көп биледің жатпен бекер.  
Төрде отырған төрт ағаң ұмыт қалды,  
Көкшеге де күн туар есен жетер.

Қарындастың түсінігі мол екен. Бұл құлаққарыстан кейін ол той тарқағанша өз тобымен бірге болыпты.

Т. Қ а ж ы б а е в.  
Көкшетау облысы.

*Әзіл мен өтірікті қабыстырып,  
жігін білдірмей айту да өнер. Өйткені әншейінде қара сөздің өзін ұйқастыра алмай қиналатынымыз бар емес пе. Ал торғайлық Кәрбоз Әлмағанбетовтың орнымен айтқан «өтірігі», қисынды қалжыңы, уытты әзіл сөздері ауылдастарының аузында текке жүрмесе керек.*

## ЖАНЫҢ ҚЫСЫЛСА...

Зорман інінің аузына барып үңіліп тұрған Кәкен сапарлас серігі машинасынан түсіп, жанына келгенде:

— Саған тап осы жаңа ғана «сіп-свежий» көргенімді айтсам ғой, сенбейсің, ә? — дейді барлай қарап.

— О, не дегеніңіз, Кәке! Сізге сенімсіздік танытатындай не көрініпті.

— Әлгінде ғана ұзындығы екі құлаш қызыл түлкіден ашық-жарықта айырылып қалып, бармағымды шайнап тұрғаным.

— Иә, сіркеңіз су көтермей тұрғанын сезіп тұрмын. Ол қайда жасырынды екен, ә?! Қара жер қақ айырылып жасырып қалмаса, мына далада ит саритын да бұта жоқ.

— Әне, сендердің осындай дым білмегендей аңқауситындарың жаман-ақ. Ойбай-ау, ол мына алдындағы інге сағыздай созылып барып кіріп кетіп, мен орнын сипап қап тұрғам жоқ па.

— Тек! Мына саршұнақтың ініне ме?

Кәкең қасындағының түк түсінбейтініне ыза болған кейіп танытып:

— Жаңа туғандай оның несіне таңданасың?! Жаның қысылса, өзін де осы інге кіріп кетерсің,— депті.

## ЕЛЕГІЗУ

«ЗИЛ» машинасы шыққанда алғашқылардың бірі болып Кәкең де рөліне отырады.

— Қалай, Кәке! Көк тұлпарың көңіліңнен шығып жүр ме?— деп, құрдастарының бірі оны сөйлетпек болады.

— «Көк қасқама» тағар титтей де айыбым жоқ. Тек «катон қорадай» кабинасында жалғыз келе жатсам, біртүрлі елегізімін,— десе керек Кәкең.

## КЕРЕМЕТ АЙНА

Оймақтай шар айнаның қаңсық болып, таудай үлкен айнаның таңсық болған кезі.

— Кәке, мына айнаңызбен жер-көктің бәрін көретін шығарсыз?

— Ол не дегенің! Әлбетте! Тастының қырына шыға бергенімде, ауылдағы жеңгеңнің қой-ешкінің желінін қақтап сауып алып, бауырында бүкшендеп жүргеніне дейін ап-анық көремін-ау, ап-анық! (Сонда айтып отырған Тастысы мен ауылдың екі арасы үш жүз шақырымдай екен.)

## КІРПІШТІ КҮЙРЕТКЕН ЖҰДЫРЫҚ

— Адам болғасын ұрыс-керіссіз жүреміз бе. Жатқан жыланның құйрығын басып, кейбір жанынан безгендер өздері соқтығысатынын қайтерсің.

— «Аш бәледен қаш бәле!» деген, ондайдан іргенізді аулақ салмайсыз ба?!

— Нервiндi қағындырмай қоя ма олар. Әлгi «қарап тұрған жiгiтке қыз артылдының» кебiн келтiрiп, қайта-қайта ұрынатынын қайтерсiң. Бiрде бiр дәу сарымен керiсiп қалып, қақ маңдайдан шық еткiзейiн деп, «прямой удармен» сiлтеп қалғанда, анау бұғып үлгерiп, жұдырығым қабырғаның тас кiрпiштерiн сытырлата ұшырғаны бар.

— Ана дәудi құдай қаққан екен.

— Соны айтам-дағы. Кiрпiштi бөлген мына жұдырығым ананың басына тiгенде, не болатын едi. Оқ қарғы бар екен антұрғанның.

С. Әбiлкәкiмтегi.  
Торғай облысы.

*Шиелиде туып-өскен, еңбек, соғыс ардагері Әнуарбек Сапақов айтқыштығымен ауызға ілінген, ұтқыр сөздің ұстасы болған жан. Ол бірнеше мектеп пен колхоз, совхоздарды басқарған ел ағасы да еді.*

## СӨЗГЕ ТҮРҒАН «ТЕНТЕК»

Бір жылы Әнекең Абай атындағы колхозға төрағалыққа сайланады. Шаруасы күйзелген, жұртының жұмысқа жұғымы жоқ ауыл екен. Осы елде дау-дамайды бастап, кілең жанжал шығарып жүретін Кәрітай деген ақсақал бар еді. Оның ауылға келген басшымен әуелі керілдеспей бітіспейтіні де бар-ды. Бұдан бұрын біреу бастыққа «бізбен ақылдаспадың» деп қол жұмсап, жұртты оған қарсы қойыпты.

Осыны естіген Әнуарбек Кәрітаймен қашан төбелесем деп күтіп жүреді. Бір күні кеңседегілер терезеден бастыққа атпен кетіп бара жатқан Кәрітайды көрсетеді. Бастық адам жіберіп, шақыртып алады да, әдеппен амандасып, насыбай ұсынады. Сосын:

— Кәреке, мен дайын. Кәне, осы кеңсе ішінде төбелесеміз бе, әлде далаға, кең жерге шығамыз ба?— дейді бастық.

Түкке түсінбеген Кәрітай:

— Түсінсем бұйырмасын. Не деп тұрсың, шырағым?— деп қипақтайды.

— Сіздің осы ауылға келген бастықты сабамай, бір төбелеспей жібермейтініңізді естіп едім. Менің келгеніме де үш-төрт айдың жүзі болды. Енді қашан төбелесеміз деп тағатым таусылып жүр еді. Соны айтып тұрғаным ғой. Кәне, бастаңыз,— деп, Әнекең сырт киімін шешіп, басын тосады.

Сөзден ұтылған мәрт «тентек» үнсіз шығып кетеді.



де, сол күні кешке бастықты шақырып қонақасы береді. Ертеңіне жолдан жеңілген Кәрекең ауыл ақсақалдарын ертіп, тұқым тазалауға шығыпты.

### «МАЛДЫҢ АТЫ — МАЛ-АУ...»

Әнуарбектің негізгі мамандығы мұғалімдік болса да, ауыл шаруашылығынан да мол тәжірибесі бар, әсіресе күріш өсіруді жақсы меңгерген білікті кісі екен. Сол кездің әуен-талабымен аупарткомның бірінші хатшысы Омықбай Келтебаев қит етсе: «Сен мұғалімсің. Ауыл шаруашылығын білмейсің, колхозды мектепше басқарасың. Күрішке, малға, жүгеріге мұғалім көзімен қарайсың, білімің сәйкес емес»,— деп, сонына түсе беріпті.

Бір жылы қыс ортасында ауданда мұғалімдердің мәслихаты өтеді. Хатшы бір сағат сөйлейді. Бірақ тақырыптан ауытқып, адам тәрбиесін қойып, мал жайына ауысады. Мал азығы, мал қыстату, мал қорасы, мал күтімі, жайылымы, оны азықтандыру... осылай малдан бастап, малмен аяқтайды.

Сөзін аяқтап, үстел басындағы орнына келген соң, хатшы маңайындағылардан:

— Сөзім қалай шықты?— деп сұрапты.

Есесін қайырғысы келіп, тілі қышып жүрген Әнекең хатшының мал маманы екенін тілге тиек етіп:

— Малдың аты — мал-ау, тіпті бір сағат маңырадың ғой,— депті.

### БАЖАЛАР

Әнекең адамдардың жасына, лауазымына қарамай, қиюын тауып, бәрімен құрдасша, нағашы-жиенше әзілдесе кетеді екен. Ауданның бірінші басшысы оның құрдасы, майдандас досы болып шығады. Ол да көпшіл, кішіпейіл, ойынпаз жан болады. Соғыста Әнекеңмен бірге болғанын, Калининградта екеуі бір үйдің екі қы-

зымен танысып, қызықты күндер өткізгенін еске алып қояды екен.

Бірде Әнекең шашын ұстарамен тақыр қылып алдырам деп, бюроға бес минут кешігіп келіпті. Бірінші басшы ұрсудың орнына:

— Естіп пе едіңдер, мына Сапақов шашын сыпырып тастайтын жерге түсіп қалып, жаңа ғана босанды,— деп күліпті.

Бюроның орта кезінде Әнекеңнің басын қасып отырғанын байқаған хатшы:

— Немене, Әнеке, басыңды қаси бересің. Сірә, келген орныңды аңсап отырсың-ау,— депті тағы да әжуалап.

Сонда Әнекең ауыр денесін ырғап бір күліп алыпты да:

— Оу, екеуміз бажа емеспіз бе? Бажа бажаны көрсе, басы қышиды ғой,— деген екен.

Ө. Жаппарханов.  
Қызылорда облысы.

*Қазіргі Қостанай, Жезқазған, Торғай облыстарының бірқатар өңірлерінде, тіпті республикамыздың кейбір жерлерінде «Жолдас айтыпты» деген әзіл-қалжың әңгімелер, қағытпалар, шаншыма күлдіргі сөздер көп тараған. Жолдас Мұқамбетжановтың аузынан шыққан зілсіз әзіл, жарасымды қалжың, уытты да да ұтқыр сөздер әлі де ел аузында.*

## АИРАННЫҢ АЗАБЫ

Кезінде Жолдас екі жігітпен бірге бел орақпен шөп шабады. Жасынан ку тілді Жолдас екі серігін әзілден

ұта берсе керек. Олар мұның есесін қайтаруды ойлап, кезегі келер деп жүреді. Бір күні Жолдасты сусын алып келуге жұмсайды. Жолда келе жатқанда, бір аяқ айранды ішіп алады. Жаңа іштім дегеніне қарамай, аналар зорлап, тағы екі аяқ айран ішкізеді де, онымен әдейі алыса кетеді. Айранды көп ішіп, күпті болған Жолдас екі жігітке не істесін. Әбден алысып жығып салып, екі бүйірлеп нұқиды. Кейін Жолдас мұны былай деп өлең етіпті:

Әуелі бір аяқты ұрлап іштім,  
Соңынан екі аяқты зорлап іштім.  
Жаппасбай, Сапабектер нұқығанда,  
Айранды лақылдатып қайта құстым.

### «ҚАТЫНҒА АПАРЫП БЕРЕЙІНШІ»

Қазақ кемпірлерінің бір жерге қыдырғанда дәметеді деп үйдегі келініне, балаларына өзіне берген тамақтан сарқыт ала баратын әдеті бар. Бір күні Жолдас жолаушылап жүріп, қолдарына су құйып, дәм ішкелі жатқан төрт-бес кемпірдің үстіне тап болады. Ет турау реті өзіне келеді. Оның пышақты қолға алғаны сол екен, кемпірлер пәленшеге, түгеншеге деп ет ала бастайды. Төрт-бес кемпір не қойсын, табақта қойдың асықты желігі гана қалады.

Олардың сыңайын көрген Жәкең:

— Мен де қатынға апарып берейінші,— деп, жілікті етімен алдына қояды да, табаққа қолын салып: — Алыңдар,— дейді. Мына оқыс қимылдан қысылып қалған кемпірлер бір-бірін түрткілеп, беттерін сызып, алған еттерін табаққа қайта салады.

— Ендеше, мен де қатынға апармай-ақ қояйын,— деп, Жәкең барлық етті турап, тойып алып жөніне кетіпті.

## ОҢАШАДА...

Бір замандасы: «Сен ылғи көптің ішінде сайқымазақтанасың, оңашада өзіме айтсаң болмай ма?»— деп ренжіпті. Арада біраз уақыт өткенде әлгі кісіні Жолдас шаруасы бар ыңғайын білдіріп, оңаша ертіп шығады. Алысырақ барғаннан кейін, әлгіні кәдімгідей тілдеп, ренжітіп сөз айтады.

Ол аупарткомға келіп, Жолдасты шақыртады. Сонда ол былай деп жайбарақат жауап беріпті:

— Өзі оңашада ойнап, тілдеп, сайқымазақ ет деп өтініп еді. Айтқанын орындағаным ғой.

### «БІР АЙНАЛЫП КЕЛІҢІЗ...»

Бір тәкаппар басшы Жолдастың айтқанын тыңдағысы келмей, сырғыта беріпті. Ақыры одан оңай құтылмақшы болып:

— Бір айналып келіңіз,— дейді.

Жолдас топ ішінде отырған орнынан ұшып тұрып дөңгеленіп, бір айналып, тұра қалыпты да:

— Міне, бір айналып келдім... — деген екен.

### АЛА ӨГІЗДІҢ ОМЫРТҚАСЫ

Бір кемпірдің ер жеткен азамат баласы қайтыс болады. Аштықтан кейін мал басын көбейту үшін ештеңе сойғызбайтын кез. Жалғыз өлген кемпір белсенділердің заңын қайтсін, семіз ала өгізін сойып, құран оқытады. Азық тапшы, еттің тіпті жоқ уақыты. Жолдас серіктерін ертіп, сол үйге түседі де, құран оқиды. Кемпірдің құлағының мүкісі бар екен. Құран мақамын келтіріп, анда-санда дауысын көтеріп, кемпірге естірте қайырады:

— Ағуз билла иманотайтон ражам,  
Ала өгіздің омыртқасын өзім мүжимін.  
Ерқат-ау, саған бермеймін...

Мұны естіген серіктері қыран-топан күлкіге батады.  
Кемпір ештеңе түсінбейді. Қол жайып, бет сипаған  
Жолдас кемпірге:

— Шеше, бұлар көменестер ғой, құранға күледі,—  
дейді. Астан кейін баяғы кәсіпке тағы басқалы тұрған  
Жолдасты Ерқат тоқтатып:

— Обал болар, Жолдас. Мен дұрыстап дұға оқын,—  
дейді.

Ол кезде құран оқу да кінә болған ғой.

## МОЛДАҒА ҚҰПТАТУ

Бір дүмше молданы әшкерелеуді ойлаған Жолдас  
екі-үш серігімен оның отырған үйіне келеді. Мақамын  
келтіріп, кей сөздерін естірте, кейбірін күңгірлетіп, да-  
уысын соза түсіп, молланың құлағына тақай құран оқи  
бастайды:

— Бисмилла рахман рахим,  
Осы үйдегі омыртқаны өзім мүжимін,  
Молдекеңе сорпасын да бермеймін,  
Арасында бір шыны ақ арақ,  
Бәріміз бөліп ішетін бір шөлмек  
коньяк.

Отырған жұрт қысылса да, күлкіге булығады. Қолын  
жайып болған Жолдас оларға ренжиді:

— Өздерің білмейсіңдер де, оқыған адамның қадірін  
кетіресіңдер. Қатесі болса, молдекең айтсын...

Әбден масқара болған молда үйден шыға жөнеліпті.

## «НАСЫР, НАСЫРЖАН-АЙ»

Құран оқу кінә саналып тұрған сол кезде бір жерде Жолдас құран оқып отырады. Есіктен бір милиция қызметкері кіріп келгенде, Жолдас жалма-жан:

— Насыр, Насыржан-ай,

Жаны да құрбан-ай...—

деп өлеңдетіп жіберіпті.

## САБЫРСЫЗДЫҢ САЗАЙЫ

Дәмді — Амангелдіге атпен жүріп өткенде күндік жер. Оның орталығы — Жалаңаштан шыққасын шыдамсыз бір серігі Жолдастан былай деп сұрапты:

— Жәке, Жәке! Амангелдіге барғасын кімнің үйіне қонамыз?

— Е, мынауың аэропортқа жеткесін ақылдасатын шаруа екен.

Сөйтсе, аэропорт селоның іргесінде екен.

## ДАЛ-ДАЛ БОЛУ

Көп жыл хатшы болған Рақыш «Қайыңды» колхозында есепші болып тұрғанда, Көкі деген кісі екеуі Қонайдан қасқыр қуып, ұзап кетеді де, ертеңіне Боқайдан оралып келе жатқанда, Жолдасқа жолығады.

— Кім екен десем, далада дал-дал болып келе жатқан сендер екенсіңдер ғой,— депті Жолдас оларға.

## «ЖОҚ ЖАМАН»

Жүргіншілердің жер мойны қашықта далада тоқтап, ат шалдыратын әдеті ғой. Жолдас та атына жем іліп, анадай жерде жүрген қарға мен сауысқанға жақындап

барып оралады. Серіктері мұның неге өйткенін сұрамай ма, сонда Жолдас:

— Екеуінің әңгімесін тыңдап едім. Қарға: «Боқ жаман, боқ жаман»,— деді. Ал сауысқан: «Олай деме, бәрінен де жоқ жаман, жоқ жаман» деді,— депті.

### «СУҒА КЕТЕ ҚАЛСАҢ...»

Амангелді — Қостанай жолындағы Сарыөзеннің тасып жатқан кезі. Мұндайда байланыс бекетінің жанынан салынған, жұрт «Тақтай көпір» деп атап кеткен көпір су астында қалады немесе оның бетіндегі көлік өтетін тақтайларды қопарып алып, тасқын басылғанша сақтап қояды да, амалсыздан шыжым тартып, адамдар қайық, салмен өтеді. Аттарын жүздіріп, арғы бетке шығады. Жолдасқа да серіктерімен осылай жасауға тура келіпті. Адамдар кезектесіп өтеді ғой. Жұрт тасқын ағызып әкете ме деп қорқып, жан ұшырып тұрғанда да Жөкең әзілін тастамапты. Замандасы Шайжан Есжанов деген кісі салға мінерде мылтығын ұмытып бара жатса керек.

— Әй, Есжанов! Мылтығыңды ала қет. Случайно суға кете қалсаң, балық атып жерсің,— депті сонда Жөкең.

### «ҰЯ БАСЫП ОТЫРМЫН...»

Бір күні Жөкең ауатком кеңсесінің алдындағы отырғышта жанында тапал бойлы екі құрдасы — Қапеш, Мәжит деген кісілермен (май зауыты мен байланыс бөлімдерінің бастықтары) отыр екен.

— Жөке, неғып отырсың?— деп сұрапты кездескен біреу.

— Ұя басып отырмын,— депті Жөкең.— Мына екі балапанды шығардым.

Ана екеуі қызара күліп, орындарынан тұрып кетіпті. Сірә, мына қызыл көздің қасына қайдан отырдық десе керек.

### «МЕН ҒОЙ САНДАЛЫП ЖҮРГЕН»

Жолаушылап жүріп, Жолдас бір танысының үйіне келіп қонады. Соғым еті азайған кез болса керек. Ауызғы үйде жібітіп бұзуға қойған семіз жылқының саны тұрады. Бірақ үй иесі қонаққа ет аспай, шаймен жатқызады. Үй иелері әбден ұйықтады-ау деген кезде Жолдас атын жегіп, жолға дайындап қояды да, көрген жерден санды алып, далаға шықпақ болады... Қараңғыда сүрініп кетіп, ыдыс-аяқты салдырлатады.

Ұйқысынан оянып кеткен үй иесі:

— Бұл қайсың, ей?— деп дауыстайды.

— Мен ғой, сандалып, есік таба алмай жүрген.

— Ой, сандалған шіркін, есік аржағында ғой,— деп, үй иесі алаңсыз ұйқыға кетіпті.

Таңертең тұрса, қонақ та, жібітуге қойған сан да жоқ.

Кейін үй иесі Жолдасқа кездесіп:

— Айтып алсаң да болатын еді ғой,— деп ренжіпті.

— Е, мен санды алып, есікті таба алмай жүрмін деп айтып кеткен жоқпын ба,— депті Жолдас ақталып.

### СОҢҒЫ СӨЗ

Жолдас ауыр науқастанып, халі нашарлаған кезде ағайын-туыстары жиналып, не істейміз деп сұрайды. Ондағысы — алай-пұлай болып кетсең, қалай жөнелтеміз дегені. Қиналып жатқан Жолдас былай деп жауап қатыпты:



— Найманның бір кара өгізі өлді деп Амангелді, Торғайға хабар беріндер. Өздері келіп, жіліктеп бөліп әкетеді.

Бұл — өздерің жөнелте алмасаңдар, сол елдің азаматтары жөнелтеді дегені екен. Сөз төркінін түсінген ағайындары марқұмды ақ жауып, арулап жөнелтіпті.

Б. Әлмағамбетов.  
Торғай облысы.

*Ишан Мақұлов — Жаңақала өңіріне белгілі адам. Соғыс жылдарында Новая Казанка селосында тұрды. Ишақақмен аралас-құраласымыз болмаса да, сырттай көріп жүрдік. Соғыс кезінде өндірістік артельде директор болып істеді. Ишақақ — артына ұмытылмас ұйыты сөз қалдырған адам.*

### АУЫЛДАҒЫ «ЖАҢАЛЫҚ»

Ұлы Отан соғысының қызу жүріп жатқан кезі. Ишақақ Новая Казанка селосынан 3—4 шақырым шыққанда, жергілікті тұрғындар «ескі қала» деп атайтын жердегі көпірден жолсапардан келе жатқан ауаткомның төрағасы Дәулет Ақмырзинді кездестіреді. Екеуі де бірінбірі жақсы таныса керек. Ақмырзинді Ишақақ атынан түсіп, көлденеңдей тұрып, алдынан тосып алады.

Жалпы, қазақта арнайы айтатын хабары болмаса, келе жатқан жолаушыны айдалада аттан түсіп қарсы алу әдеті жоқ. Үлкен адамның мына қылығынан секем алған Ақмырзин атының басын тежеп, абдырай амандасып: «Ишақа, ауыл аман ба? Тыныштық па?»— деп, қайта-қайта сұрағыштай береді. Ишақақ қабағын кір-

житіп, күмілжіген сайын дегбірі қашып, сұрақты үстүгіне жаудыра түседі.

Сонда Ишақаң: «Қой, тап батпандай жаңалық жоқ. Кеше... әлгі аудан әкімдерінің ұрлап-ішетін оңаша дүкендері бар еді ғой соған ұры түсті» — депті, аса қайғырған сыңай танытып. Сол кезде әкімдер үшін «закрытый магазин» дейтін арнайы дүкен болушы еді.

Не деуге білмей абдырап қалған Дәулет атқосшысына жалт қарап: «Кеттік», — депті.

### «ЕНДІ ҚАЙДА ОТЫРАМЫН?..»

Ишақаң әкімдерге осылайша ұрынып-перінген сөздері үшін талай шаталып, әлденеше рет отырып та шыққан адам. Бірақ қалай болғанда да, ащы шындықты айтқаннан басқа қылмысы болмағандықтан, түрмеде ұзақ ұстамайтын көрінеді. Осынысымен аудандағы заң қызметкерлерінің де берекетін алса керек. Бір сотталуында прокурор Ишақаңа: «Енді қайтып Жаңақаланың жерін баспайсың», — деп долданыпты. Бір күні таңертең прокурордың әйелі мал саууға шығайын деп, сененің есігін ашса, төбеден салбырап тұрған екі аяқты көреді. Әйел айқай салып үйге кіреді. Сыртқа прокурордың өзі жүгіріп шықса, екі аяғын төмен қарай салбыратып отырған Ишан көрінеді.

Аң-таң болған прокурор:

— Ой, қосағасы, бұл не отырыс? — деп сұрайды.

— Енді қайтып Жаңақаланың жерін баспайсың, — деген өзің емес пе? Төбеге отырмасам, қайда отырам? — депті сонда Ишақаң.

### БОСҚОМНЫҢ ТӨРАҒАСЫ

Республика басшысы Елтай Ерназаров 1934 жылы ауданға келеді. Үлкен басшымен танысу, пікірлесу мә-

жілісіне аудан мекемелерінің басшылары шақырылыпты. Солардың арасына қыстырылып Ишақаң да кіріп кетіпті. Ауатком төрағасы Елтай Ерназаровқа мекеме басшыларын жеке-жеке таныстыра бастайды. Ишақаң келгенде, не дерін білмей тұрып қалыпты. Себебі Ишақаң еш жерде жұмыс жасамай, бос жүрген екен.

Сол кезде Ишақаң ұшып тұрып, өзін: «Боском төрағасы»,— деп таныстырыпты.

Көпті көрген, лауазымды үлкен адам аудан басшыларына оған жұмыс беру жөнінде арнайы ескертіп кетті.

Т. Сәрсенғалиев.  
Жаңақала ауданы,  
Батыс Қазақстан облысы.

*Ұзақ жылдар бойы шаруашылық басқарып, аудандық Кеңес атқару комитетінің төрағасы болып қызмет істеген ардагер азаматтардың бірі Мұрат Насимоллин бүгінде зейнеткер. Мұрақаң әңгіменің қисынын келтіріп шебер айтатын кісі. Өзінің де тауып кететін тұстары көп. Осыған орай, ол еңбек еткен Орда өңірі мен Ақжайық аймағында «Мұрақаң айтыпты» деген әңгімелер де аз емес.*

## ҰЛЫҒАН БӨЛТІРІК

Мұрақаңның үлкен ұлы Жамбылдан институт бітірген соң, «Искра» совхозына агроном болып орналасады. Бір күні Мұрақаң сол совхоздың директоры М. Қазикановқа телефон соғып:

— Ал, Мендібай, ана біздің бала қалай, сенің айтақтаған жағыңа қарай үріп тұр ма?— деп сұрапты. (Ол кісі өзі басқарған атқару комитетін мойындағысы келмей, аудандық партия комитетіне қарай жалтақтай беретіндерді: «Ие, сол партия айтақтаған жаққа қарай үре беріңдер»— деп мазақтайтын. Сол мінезіне салғаны ғой.) Сөйтсе, Мендібай оған:

— Жок, Мұрақа, ол бала үріп тұрған жоқ, ұлып тұр ғой,— депті.

— Ұлығаны несі,— деп, алғашқыда бұл сөздің астарын ойламай қалған Мұрақаң танданыс білдіреді. Сонда Мендібай:

— Мұрақа-ау, өзіңіз де білесіз ғой, қасқырдың бөлтірігі үрмейді, ұлиды емес пе,— деген екен.

## ИТТІҢ БАСЫН ҰСТАУ

Мұрақаң Мәншүк Мәметова атындағы совхозда директор болып жүрген кезде нағашылы-жиенді ретінде әзіл-қалжыңы жарасқан бір ауылдасының баласы оқу бітіріп, шаруашылыққа бас маман болып келеді. Ол өзімен бірге оқыған корей қызына үйленбек болып жүр екен. Әкесі оған қарсы болады. Айтқан ақылын баласы тыңдамаған соң, Мұрақаңа келіп:

— Сен ел басқарып отырған адамсың. Ағайындығыңды айтпағанда, жасы үлкен ағалығың бар. Ана балаға ақылғыңды айтсайшы, қаптап жүрген қазақтың қызы бұйырмай, корей қызына үйленбек болып жүр ғой. Мені тыңдайтын емес, мүмкін сенің ақылыңа көнер,— деп, көмек сұрайды. Сонда Мұрақаң оған ақыл қосып, тоқтау айтудың орнына:

— Әй, Шәке, сенің осы баяғыдан бері қазаққа құда болып, қойдың басын ұстағаның жетеді емес пе? Енді бір кезек корейге құда болып, иттің басын ұстап көрсек қайтеді?! — деген екен.

## ҚҰДАЙ КІМДІ ТЫҢДАЙДЫ?

Бірде «Есенсай» совхозында тұрмыз. Күн бұлыңғырланып, боран басталатын сыңай танытты.

— Кеше Алматы радиосы бүгін Оралда ауа райы ашық болады деп хабарлап еді, боран болатын түрі бар ғой,— деді қатарда тұрған бір жігіт. Сонда Мұрақан:

— Құдай сенің Алматыңды не қылсын, өз дегенін жасайды ғой,— деп, мұрнын кіржитті.

## ҚОНАҚҚА ҚАШАН БАРАМЫЗ?

Мұрақаның қонаққа өзі кешікпейді де, кешігіп келгендерді: «Сен шаруанды шаруалап жүресің, біз отырмыз түкірігімізді жұтынып»,— деп іліп-қағып отыратын мінезі бар. Бірде Масқар деген құрдасы қонаққа шақырады. Мұрақан әдеттегідей уақтысында келеді. Қонақтың соңы бір сағаттай кешігіп жетеді. Олар шешініп жатқанда, Мұрақан басына көпшік салып, теріс қарап жата кетіпті.

— Шай әзір, Мұрақа, қол жуайық,— дегенде, ол басын да көтерместен:

— Ише беріндер, бұл Салық пен Ұлжанға арналған шай болар. Бізге арналса, мана берер еді ғой,— деп, қолын бір сілтейді.

Мұндайды күтпеген үй иесі де, кешіккен қонақтар да абдырап қалса керек. Осыдан кейін көрші-қоландар қонаққа кешікпей келетін болады.

## ФАХРЕДЕННІҢ ТҮЙЕСІ

Бөлекқали Аюпов деген азамат «Өлеңті» совхозында ұзақ жыл жұмысшылар комитетінің төрағасы болды. Бірде карта ойнап отырып, Мұратқан қызылтабан-

ның тұзын тартып алайын десе, королінің қасында серігі бар-жоғын білмей дағдарып қалады. Бірақ басқаларға сыр берместен, өзара әңгіме айтқан кісіге ұқсап: «Анадағы осы Фахреденнің түйесі не болды?»— деп сұрапты. (Ауылда түйе ұстайтын жалғыз сол болатын.) Сонда Бекең іркілместен:

— Соның түйесі боталап еді, қазір ботасы өліп, жалғыз қалды ғой,— депті. Онысы — корольдің қасында серігі бар еді, қазір кетіп қалды дегені екен.

## ОРЫСТЫҢ ӘЛТЕКЕСІ

«Өлеңті» совхозының директоры Тәтібай Сұлтанғалиевтің руы Байбақтының Әлтекесі болатын. Сол тұста бірқатар бас мамандары да осы рудан болып шықты. Осыны ілік еткен бірқатар құрдастары осы шаруашылықты «Әлтеке-совхоз» атап жүрді.

1968 жылы совхозда егін айтарлықтай бітік шықты. Егін орағы қызған кезде ауылға облыстық автотранспорт басқармасының бастығы А. И. Қуфаев келе қалады. Оның көңілін тауып, көмекке неғұрлым көп машина сұрағысы келген Төкең барынша қонақ етеді. Өзі де қызыңқырап қалса керек, қонағымен қоштасар кезде Алексей Ивановичті құшақтап, қайта-қайта сүйе беріпті. Қонақ күтушілердің арасында жүрген Бөкең сонда анадай жерде тұрып:

— Астапыралла, астапыралла, орыста да Әлтеке болады екен ғой,— деп, жігіттерді ду күлдіріпті.

Б. Қ у а т о в.  
Батыс Қазақстан облысы

*Батыс Қазақстан облыстық газеті редакторының орынбасары, тәжірибелі журналист Тихон Әліпқалиев — әр түрлі бас қосуларда өзін еркін ұстап, желпініп отыратын жігіт. Еркін ұтырғандықтан, тауып кететін тұстары да аз емес. Мінезі сайқымазақтау болғанымен, әдебиет пен өнер салаларынан да мол хабары бар, білімдар азамат. Әсіресе әзіл-оспақ сөздерге келгенде, «Әрі итеріп, бері тартып», көп шалдыра бермейді. Осыған орай оның аузынан шыққан кейбір сөздерді қатарқұрбылары «Тихон айтқан...» деп, мысалға келтіріп отырады.*

## СЕНІМХАТ

Тихонның редакцияға жұмысқа келген кезі болатын. Бірде ол облыстық радиоға телефон арқылы бір қысқа хабар берген екен. Оған радиодағы әріптестері бір сом қаламақы қойыпты. Одан почта шығынын алып тастағанда, 96 тиын келген көрінеді. Оны алмақ болып байланыс бөлімшесіне барса, ондағы қыздар:

— Сіздің атыңыз сәйкеспейді, мында «Алипкалиеву С.» деп жазылған, ал Сіздің атыңыз Т-дан басталады,— деп, бермей жіберіпті.

«Сол ақшаны алмай қоймаймын, екі-үш кружка сыра ішсем де нем кетеді»,— дейді Тихон жолдастарына. Айтқандайын, келесі күні үш шөлмек сыра алып келеді. (Ол кезде бір бөтелке сыра 37 тиын болатын.)

Қалай болғанын сұрағандарға:

— «Я, Алипкалиев Сихон, доверяю Алипкалиеву Тихону получить почтовый перевод на сумму ноль рублей 96 копеек»,— деп, өзіме өзім сенімхат жаздым да, жер-

гілікті комитеттің мөрін соқтырып, куәландырып алдым. Сосын қалай бермесін,— дейді ол риза болған сөзіммен.

Сөйтіп, Тихон почта қызметкерлерінен қулығын осылай асырған көрінеді.

## РЕДАКЦИЯЛАУ

Талай жыл облыстық тұтынушылар одағын басқарған бір ағамыз қоғамдағы кейбір жағымсыз құбылыстар, әсіресе жемқорлардың көбейіп кеткендігі туралы әңгіме болған сәтте:

— Өз басым кооперацияда 40 жыл жасадым, бірақ 40 тиын жеп көргенім жоқ,— деп қалады риясыз көңілмен. Тихон онымен құда ретінде әзілдесе беретін. Сол дағдысына бағып, сол бойда ойланбастан:

— Құда, мен Сіздің осы сөзіңізді редакциялап берсем қайтеді?— дейді. Оның қандай пиғылда айтып отырғанына мән бермеген ағамыз:

— Ал, редакциялай ғой,— деп келісе кетеді. Сонда Тихон:

— Меніңше, Сіздің: «Кооперацияны қырық жыл бойы жедім, бірақ бір ізін білдірмей кеттім»,— дегеніңіз дұрыс. Әйтпесе мыңа дүниенің бәрін таза жалақыға алдым деу қиын ғой,— деп, үй жиһаздарын нұсқайды.

— Әй, сенің де шығармайтының жоқ,— дейді құдасы сонда ойланып.

## АЙТҚАНЫНДА ТҮРДЫ

— Ана жылы мен осы келіншегім Сараны алуға барып жатырмын,— деп бастады әңгімесін Тихон бір отырыста әдеттегідей желпіне сөйлеп.— Ауылдың аты — ауыл ғой, бәрі де жетіп жатыр. Той тамаша өтті. Түнімен өлеңін айтып, биін билеп, бүкіл ауыл көңілді жүрген. Ертеңіне енді жүреміз дегенде, неге екенін білмей-



мін, ағыл-тегіл бір керемет жылау басталды. Байқаймын, көңілі босамай жүрген адам жоқ. Әсіресе, жасы сексенге қеліп қалған бір қарт кісінің егілгенін көргенде, мен де адаммын ғой, бойымды аяныш сезімі билеп кетті. Сосын Сараны оңашалап алып:

— Мына жұрттың бәрі жылап жүр ғой, өзін де шақ тұрған сияқтысың. Әсіресе ана үлкен кісіге обал болар, сені маған қимай отырса керек. Бұлардың бәрін еңіретіп алып қайтемін сені, қалсаң қайтеді?— дедім.

Дастарқан басындағылар қарқылдаса күліп, «сосын не болды?» дегендей, Тихонның аузына қарады.

— Сосын не болсын, бұл да тым қатал екен, айтқаныма көнбей: «Бәрібір кетем деп қойдым, енді сенен қалмаймын»,— деп еріп келді ғой,— деді Тихон айтып отырған әңгімесінің желісін бұзбай.

## ӨТІНІШ

— Бірде үйге әлдеқалай қызыңқырап келдім,— деді Тихон қатар құрбылары жиналған тағы бір бас қосуда.— Ертеңіне аздап басым ауырыңқырап, оны қалай жазамын деп отырсам, құлағымна Сараның күңкілдеген дауысы естіледі. Жартысын түсініп, жартысын түсінбей, мең-зең болып отырмын. Әйтеуір, анық аңғарғаным:

— Сен мына ішуіңмен семья бағы ұқсатпассың, мен кетемін, төркініме апарып таста,— дейді. Ойланып біраз отырдым, бірақ ол тоқтайтын емес. Сосын:

— Менің жағдайымды көріп отырсың ғой. Сені сонау 160 шақырым жердегі Қызылтаңға апарып тастайтын машина түгілі, мына үй іргесіндегі сыра зауытына барып, бас жазып қайтатын көлік таба алмай отырмын. Ал егер шын кететін болсаң, біржола кет. Ертеңіне артыңнан қуып барып, жалынып-жалпайып қайтып алып келетін жағдай менде және жоқ. Егер әлдеқалай өзін машина тауып кетіп жатсаң, мені жолшыбай сыра зауы-

тына жеткізе саларсың,— дедім мен мәселені біржола шешіп алмақ болып. Содан бұл машина таба алмады ма, әйтеуір, сол жолы кете алмай қалды. Бірақ содан кейін «кетем» деген сөзді айтпайтын болды.

## КҮНШІЛДІК

Жетпісінші жылдардың аяқ кезінде Тихон облыстық газет редакциясында бөлім меңгерушісі болып жүрген жерінен Алматы жоғары партия мектебіне оқуға түсіп кетті. Уақыттың өткені байқалмайды ғой, соны бітіріп келген кезде кездесе қалып:

— Оқуың бітіп те қалды ма, уақыт тез өтеді-ау, кеше кеткен сияқты едің,— дедік біз таңданыс білдіріп. Сонда ол мүдірместен:

— Әй, қазақтар-ай, күншілсіңдер-ау! Өмірімде бір шықпай бітірген оқуым осы еді, соны да көре қалдыңдар ма?!— деді. Сөйтсек, ол әлдебір тентектіктері үшін оныншы класта мектептен, бесінші курста университеттен шығарылып, екеуін де сырттай бітірген екен ғой.

## ІШКІ ЕСЕП

Тихон партия мектебінен кейін облыстық партия комитетінің аппаратында істей жүріп, кезекті еңбек демалысын бірнеше жыл қатарынан қаңтар айында алған екен. Осыны байқап жүрген бір құрбысы:

— Тәке, осы сенің демалысқа кілең қақаған қыс айында шығатының қалай?— деп сұрапты. Сонда Тихон ойланбастан:

— Мына партия дегенге қазір сенім аз ғой. Ертен әлдеқалай басқа жұмысқа ауыстырып жіберсе, еңбек демалысына шыққанда беретін жеңілдіктерін пайдалана алмай қаламын ба деген күдікпен демалысқа үнемі жыл басында шығып аламын,— депті.

Б. Сәлменов.  
Батыс Қазақстан облысы.

## МЫСЫҚТАН ТЫҒЫЛУ

30-жылдардың дүрбелеңі біздің Қызылқұм өңірінің адамдарын да есеңгіретіп кетті. Үрей билеген зобаланда бірін-бірі көрсеткендер, нақақтан қараланғандар көбейіп, ұсталған адамдар бір түн ішінде із-түзсіз жоғалып жататын. Осындай қауіп-қатері мол кезде Қызылқұм аудандық НКВД-де қызмет жасайтын Сали Дәуренов деген кісі түнде ел жатты-ау деген мезгілде жолдасының үйіне құран оқуға келеді. Қасында бір-еки қария бар. Ол:

— Ағузбиллахим,— деп бастай бергенде, есік сықыр ете қалады. Сали даусын көтере:

— Аққұмнан бір қыз көрдім,— деп, өлеңге ауыстыра қояды. Сөйтсе, есікті сықырлатып ашып кіріп келе жатқан мысық екен.

Жолдасының әйелі Үмітхан:

— Сәке, сіз Мырзабекке құран оқуға келді ме десең, менің тұсыма өлең айтуға келіпсің ғой,— дейді ренішпен.

Сонда Сали:

— Болды ғой қысқан заман мұсылманды,  
Еркімді, бостандықты, дінімді алды.  
Тағдырын бір-ақ түнде шешіп жатыр,  
Сақтаймыз қайда апарып шыбын жанды.

Мырзабек, жатқан жерің жайлы болсын,  
Бір уыс топырағың бұйырмады.  
Шақырып топырлатып сұрап жатыр,  
Сол күні жаназаға жиылғанды.

Кезінде Сали балуан атанып ем,  
Шығардық мысықтан да тығылғанды.

Ниетпен дұға оқуға келіп едім,  
Көңіл айтып жұбатып Үмітханды,—  
деген екен.

Н. Д а р х а н о в.  
Бөген ауылы,  
Шымкент облысы.

### КЕЛІННІҢ БИЛІГІ

Тарбағатайда өмір кешкен Ожырай шешеннің үйіне бірде екі жолаушы түсе қалыпты. Олар сәлем беріп отырғаннан кейін Ожырай:

— Е, амандасқандарың жөн,  
Шайдың билігі келінімде,  
Қататын сүт сиырдың желінінде,  
Екі қатын өлтірген сорлы Ожырай,  
Шай қайнат деп айтпайды келініне,—

деген екен.

### ЕРКЕ БАЛАНЫҢ КЕСЕЛІ

Бірде Бұтабай деген ұлықтың балалары Ожырайдың туыстарының жерін тартып алыпты. Ожырайдың ағайындары келіп:

— Бас қалқамыз, едің, Ожеке, айтар ақылың бар ма?— депті.

Іле Көкшолақ атына мініп Бұтабайға келген Ожырай:

— Шапсам, атым сүрінер қара жерге,  
Жерден бе, ойпаңнан ба, тұрықтан ба?  
Ұмтылсам, қашағанға жете алмады,  
Аттан ба, адамнан ба, құрықтан ба?  
Шашқан егін шықпайды жер бетіне,

Аттан ба, ұрықтан ба, бұлықтан ба?!  
Ақиқат іс жүзіне бір шықпайды,  
Заңнан ба, әдеттен бе, ғұрыптан ба,  
Сен сияқты кемеңгер ұлықтан ба?—

дегенде, Бұтабайдың Шолақ атты баласы қамшысын ала ұмтылады. Сұрланған Бұтабай ұлының алдың бөгеп:

— Тарт қамшыңды! «Ерке бала әкесінің басын жейді, кедей болатын ауыл ауылдың қасын жейді»,— деген. Сенің кеселіңнен Ожырайдың оқтай сөзі маған атылды. Ол айтуға, мен естуге тиіспін, қайтар жерін!— деген екен.

3. Сейітжанов.  
Шығыс Қазақстан облысы.

*Қарағаш орман шаруашылығын соғыстан кейін Гриша деген кісі басқарды. Ол ұзын бойлы, атжақты, өте байсалды, орнықты кісі еді. Қазақшаға судай ағатын, сөйлегенде мақалдап-мәтелдеп отыратын. Ерніне насыбайды қыстырып, шырт түкіріп, шалдармен шүйіркелескенде, қазақтың қара сақал қара шалдарынан айырып алғысыз болатын. Сол Гриша ағайдың біздің ауданға алғаш келген тұсында оның қазақшаны анау-мынау қазақтан кем білмейтіндігінен бейхабар ауылдастары ыңғайсыз жағдайда қалып жүріпті.*

### ҚОНАҚТА

Ол кезде машина қайда, қыстың күні машина жүретін жол қайда? Нағыз сенімді көлік — ат. Қыстың бір

боранды күні Гриша ағай түнделетіп бір ауылға келеді. Қазақтың қонақ құмайтынын білетін ағай шеткі бір балшық үйге ат басын тіреп, үйге кіреді. Тұлыбын шешіп, төрге өтеді.

— Кім болса да мейман ғой, қазан көтер,— дейді шал қазандық басында жүрген кемпіріне.

— Жеті түнде қайдағы-жайдағы қайдан жүреді осы,— деп кемпір бұрқыраңқырап алып, сүйек-саяқ бірдеңелерді қазанға салады. «Осы орыс не біледі дейсің, ет болса болды емес пе»,— деп ойлайды кемпір.

Гриша ағай далаға шығып, атын ағытып, алдына шөбін салып, қайта келіп орнына отырады. Орыс тілін білмейтін шалда да үн жоқ, Гриша ағай да бойы бусанып, жастыққа шынтақтап жатады. Әлден уақытта шал далаға шығып, біраз айналып қалады.

— Неменеге бадалып жүрсің?— дейді кемпірі.

— Үндеме,— дейді шалы,— анау төренің қасқасының алдындағы жоңышқаны биеге салдым.

Сәлден кейін Гриша ағай да далаға шығып кетеді. Барып шалдың биесінің алдындағы шөпті қайта өзінің қасқасының алдына салып келеді.

Қол жуылып, табақ жасалады. Шал ет турап отыр. Гриша ағай табаққа қарап:

— Отағасы, биыл соғым соймағансың-ау, шамасы, асқан етіңнің түрі соны айтып тұр,— депті таза қазақша. Мұны күтпеген шал мен кемпірі төбесінен жай түскендей сілейеді де қалады. Шал кемпіріне:

— Әй, кемпір, құдай атты бізді, қайта қазан көтер,— дейді.

Манадағыдай емес, ұяттан өртенген әжей қазы-қарта, омыртқасын салып, қайта табақ тартқан екен. Семіз етті қос уыстап ала отырып, әңгіме-дүкендері жарасқан Гриша ағай жатар уақта:

— Шал, қасқамның алдындағыны биеге салдым деген соң, мана мен қайта алып, қасқама салғам, биен аш тұр,— депті.

## СЫРҒАУЫЛ САПАРЫ

Гриша ағай ел аралап жүріп, бір ауылдың мал қорасының маңында топталған қазақ жігіттерінің ортасынан шығады. Бұл адамның орманшы екенін омырауындағы белгісінен танып:

— Мәссаған, мынау қайдан пайда болды?— дейді бір жігіт. — Әлгілер бір трактор сырғауылмен үстіне келіп қалса не болдық?

— Үндемеңдер, мен үйге апарып шай мен ақанды аузына тосып, айналдыра тұрайын, сендер әкелген ағашты бір таса жерге құлатып, сосын маған хабарласыңдар,— дейді екінші жігіт. Сірә, бригадирлеу біреуі болса керек, малға қоршау жасамақ болып, бірнеше жігітті қайыңнан сырғауыл құлатып әкелуге трактормен ағашқа жіберген екен. Жас қайыңның әрбір түбін рұқсатсыз кескені үшін қып-қызыл айып, ақша төлеулері тиіс. Мұның бәрін естіп, біліп тұрған Гриша ағай шайға шақырған жігіттің үйіне еріп кетеді. Қазақы ағай құймақ құйған қою шайды ақаңмен қоса бабымен соғып отыра береді. Оның бұл қылығына үй иесі қуанбаса, ренжімейді ғой. Әлден уақытта тағы бір жігіт келіп үстелге жайғасып, шайға отырады. Әзірше әңгіме орыс тілінде. Соңғы келген жігіт сөз арасында бригадиріне:

— Жігіттер келді, өздері де аямай отаған екен, мынаны алып кеткенің мұндай абұйыр болар ма,— дейді. Шай ішіліп, көңіл жайланып далаға шыққан Гриша ағай үй иесі жігітке:

— Ал, жігітім, сыйыңа рақмет, енді мін мына менің арбама, әлгі әкелген сырғауылдарыңды көрейік,— депті тап-таза қазақша. Сырғауылға деп жығып әкелген ағаштарды санап:

— Былай, жігіттер,— дейді Гриша ағай.— Өз қамдарың емес, қоғамдық мал үшін ғой, бір жолға кешірейін. Ендігәрі қажет болғанда, рұқсат қағаз алатын болыңдар. Тек қана қай жерден кестіңдер, сол жерде

шашылған бұтақ, сорайған түбір болмасын, орманға да тәртіп пен тазалық керек. Қайта барып, соны тәртіптендер.

— О, не дегеніңіз, міне, қазір аттанамыз,— деп, апақтасып қала беріпті жігіттер.

Онсыз да қолайсыз жағдайда тұрған жігіттерді одан әрі қобыратпайын деп, Гриша ағай келесі ауылға қарай жөндей беріпті.

К. Сәрсекеев.  
Жамбыл ауданы,  
Жамбыл облысы.

*Соғыс жылдарында Киров ауданы жақта Құрымбай деген кісі өмір кешіпті. Өзі әзілкеш, әжуасы мол адам екен. Ойланбай айта салатын астарлы сөздері бүгінде көпшіліктің аузында.*

### «ШЕШЕНДІ ОЙЛАП...»

Құрекең бірде Ташкент шаһарындағы Көктерек базарына мал әкеліпті. Малың пұлдап болған соң, балаларына киім-кешек ала кетуді ойлап, базар ішіндегі дүкендерді аралауға шығады. Сөйтіп, аяқ киім сатып жатқан дүкен алдына аялдайды. Бірақ онда адам тым көп екен. Құрекең додада кілең сәйгүлік ішіне омыраулай енер жарау арғымақтай кимелеп, сөре алдына әзер жетеді. Алайда арт жақтан қолы сорайған біреу алайын деп тұрған бәтеңкені, онан соң жанындағы кісі ұстап тұрған етікті қолынан жұлып алып, сатушыға екеуінің де құнын төлейді. Сөйтсе, ол бойы екі метрге жуық, денесі еңгезердей қазақ жігіті екен.

Топ ішінен сыртқа зорға шыққан Құрекең жігіттің алып денесіне таңырқай қарап қалады: дүкен алдында



тұрғандар оның белдігінен ғана келіп тұрғандай екен. Ал ол жігіт келесі дүкенде де қалың жұрттың сыртынан ілгері созып, керегін алып жатады. Мұнысын бір түрлі ерсі көрген Құрекең кенет өз-өзінен жылайды. Бірақ жұрт Құрекеңді елемейді. Ал ол әлгі жігіттің соңынан қалмай, онан сайын ағыл-тегіл болады. Жан-жағындағы кісілер тек осы кезде барып селт етіп, «ұзын жігіт басынып, бір нәрсесін бермей жүр ме» деген оймен жылауының мәнісін сұрай бастайды. Алайда Құрекең көз жасын үнсіз төгіп, алпауыт денелі ұзын жігіттің соңынан ере түседі. Бір кезде алып жігіт артына жалт бұрылып, кілт тоқтайды.

— Ау, ақсақал, жайшылық па, неге жылап тұрсыз?— дейді. Сол сәт Құрымбай:

— Қарағым-ай!.. Қарағым-ай, сені туғанда шешен байғұстың жағдайы қандай болды екен! Соны ойлап тұр едім,— депті...

### «СЕНІҢ НЕҢ КЕТТІ?»

Шаруашылықта бір кісі қайтыс болып, алыстағы ағайын-жекжаттар үздік-создық келіп жатса керек. Кенет сырттан тағы біреу «көкемайлап», үйге ентелей енеді. Сөйтсе, ол бұл үйге пәлендей етжақын емес, жама күйеу екен. Бірақ марқұммен сыйластығы жақсы болса керек, көрмей қалғанына өкінгендей көп жылапты. Ол құран оқылғаннан соң, «көкешім-ай, көкешім...» — деп, жылауын қайта жалғастырыпты. Төрде отырған сәлделі қарт:

— Сабыр ет, қарағым, сабыр ет... Шүкіршілік, артында ізін басар, от басына иелік етер ұл, қыздары бар...— деп, басу айтыпты. Бірақ күйеу бала жылауын тоқтатпапты. Қайта үдете түсіпті. Сәлделі қарт «ағузбилласын» үшінші қайтара бастағанда, өксігін эзер басыпты. Алайда құран сүресі аяқталып, жұрт бетін енді сипай бергенде, күйеу бала жағымсыз даусымен «көке-

майлап» қайта шырқай жөнеліпті. Сол сәт тағаты таусылып отырған Құрымбай:

— Әй, бәтшағар, доғар енді! Е, он мың божбаннан біреуі өлсе өліпті де. Сенің нең кетті, а!— депті.

## ҚАЛМАЙТЫН ОЙЫН

— Біздің бала кезімізде «қызойнақ» деген ойын болушы еді, сол бар ма? — деп сұрапты Құрекең бір жас жігіттен.

— Ой, ата, ол қазір күшейген,— дейді жігіт.

— Е, бәсе, өзі де қалатын ойын емес еді,— деп, Құрекең мәз болыпты.

## ӘЙЕЛДІ КІНӘЛАУ

Аймахан деген кісі жетпісінші жылдары Ташкент қаласына барыпты. Қала қатты ұнайды. Көшелерін шарлап шаршаған Аякең түс қайта бір асханаға бас сұғады. «Қандай тамақ бар?» деген сұрағына даяшы бұрын-соңды естімеген тамақ түрлерімен бірге мантины да атайды. Аякең манти және бір шәйнек шай әкеліп беруін сұрайды.

Даяшы мантины көп кешіктірмей алдына әкеліп қояды. Күн ұзақ әрлі-берлі жүріп қарны ашқан Аякең мантины үсті-үстіне асайды. Бірақ оның ішінде бір түйір де ет жоғын бірден сезеді. Сосын жайпақ тостақтың үстінде сиреп қалған келесі мантиның ішін шанышқымен ашады. Ет орнына шаштай етіп туралған пияз салыныпты!... Басқа мантилар іші де солай екен. Ашуланған Аякең даяшыны шақырып:

— Қарағым, мынауыңда бір түйір ет жоқ қой, мантидан тағы бірін әкеле қойшы?— дейді. Бірақ даяшы:

— Бізде барлық манти осылай. Мүмкін басқа тамақ жерсіз?— дейді. Аякең ренжіп, жайшылықта жиі қол-

данатын бір балағаттау сөзді қойып қалады. Сол сәт даяшы кенетен ашу шақырып, баж ете қалады.

— Даладан шаң-шаң болып келіп, қарашы балағаттауың! Милиция, милиция!.. — дейді айқайлап. Қырсық-қанда, милиция да асхананың ішінде отыр екен. Ол ентелей жетіп:

— Азамат, қоғамдық орында даяшыны неге сөгесіз?— дейді ай-шайға қарамай.— Сізге кім мұндай құқық берді? Кәне, бөлімшеге жүріңіз!..

Аякең сасып қалып:

— Інішек, мен бұл қызды емес, әйелімді боқтап едім,— дейді.

— «Әйелімді?» Е, ауылдағы әйеліңіз Ташкентке келгенде есіңізге түсті ме? Кімді ақымақ санап тұрсыз?!

— Ешкімді де ақымақ санап тұрғаным жоқ, айналайын! Себебі әйелім манти пісіргенде оны ылғи еттен бұғуші еді. Сөйтсем, мантины пияздан да дайындауға болады екен ғой. Қарашы, қандай дәмді манти!— депті Аякең.

### «ИТ ИТТІГІН ІСТЕДІ»

Қыстауға ауданнан екі-үш уәкіл келеді. Машиналарынан түсіп, шопан үйіне беттей бергенде, қора жанында жатқан ит кенет арс етіп, бірінің балағын қак айырады. Аға шопан өріске кетіп, жұбайы қыстауда қалған екен. Малшы әйелінің тостағандай көзіне, сүйкімді ажарына назары түскен уәкіл аузына сөз түспегені ме:

— Анаған бастықтарға үрмеуді үйретпеген екенсіздер де! — депті. Сол сәт келіншек:

— Ағай, кешіріңіз, бір әбестік болды! Сіздерді аудан халқы ғана емес, иттері де тануы тиіс еді. Бірақ біздің ит иттігін істеді...— депті.

## ДУАЛЫ СӨЗ

Манап ақын елуінші жылдары киімді кілең ақ матадан тіктіріп киеді екен. Сондай-ақ жарау ақ аты болыпты. Өзінің бет пішіні, шашы, кірпігі, қасы түгелдей ақ болғандықтан, жолға шықса, киімі, аты және кескінкелбеті бір-бірімен үндесіп, елден ерекшеленіп тұрады екен.

Ол бірде Қаратаудың Шиелі жақ тұсындағы бір малшыға барып келе жатқан жолында тау етегінде жайылып жүрген бір отар қойдың жанынан қиыстап өте береді. Сол мезетте атын тұсап қойып, өзі анадай жердегі дөңесте шынтақтай жатқан малшы орнынан атып тұрып, Манап ақынға қарай далбақтап тұра жүгіреді. Жете үзенгісіне жармасып:

— Қыдыр ата, бізді жарылқай көр! Әйелім үйленгелі бала көтермей келеді,— деп, өз-өзінен еңкілдеп қоя беріпті. Сол сәт Манап ақын өзінің кім екендігін дәлелдеп жатуды артық санап:

— Сұрап тұрғаның бала ғой? Жарайды, екі бала ала ғой, кешікпей келінге бара ғой...— депті де, атына камшыны басып-басып жіберіпті.

Ақынның сөзі дуалы болса керек, әлгі шопанның әйелі сол жылы күзде бала көтеріп, шекесі торсықтай ұл туыпты деседі.

### «ТЫНДЫҢ, КОЛХОЗ!»

Соғыс жылдарында Мейірбек деген кісі колхоз күзетшісі екен. Бүкіл колхозды жалғыз өзі арқалап жүргендей сезінетін Мәкең бір жолы үйіне қайтып келе жатқанында, есегі әлденеден үркіп, табан жолға жалп ете қалыпты. Ол сол сәт:

— Ал әкеңнің аузы... колхоз, тындың!—депті.

## «ОЙ, ӘТТЕГЕНЕ!»

Діни сауаты терең Әжібек деген кісі көрші ауданда дүние салған жекжатының жетісінде ұзақ бір сүрені қыраттай оқиды. Бірге барған шала сауатты Бекділда деген туысы сүре орталана бере: «Ой, әттегене!»— деп, өкініш білдіргендей күңк етеді.

Әжекең қайтар жолда ашуланып:

— Әй, нәкәс, сенің әлгі «әттегенеуіңнің» мәнісі не?— деп, оның жон арқасынан қамшысымен тартып қалады. Сол сәт Бекділда:

— Оу, Әжеке, кешіріңіз! Сіз былайынша — теңіз, мен — шалшықтаймын ғой... Менікі сізді аяқтан шалу емес, сыр білмейтін елге «інісі ағасынан да терең екен» деген ой ұялату мақсаты еді,— депті...

Ә. Бостанов.  
Түркістан қаласы.

*Солтүстік Қазақстан облысындағы Жамбыл ауданына қарасты Баян аулының тұрғыны Бейсеней Кәрімов те сөзге ұста жандардың бірі. Сонымен бірге әзілкеш ағамыз өз жерлестерінен естіген ұтқыр сөздерін үнемі айтып жүреді.*

## АБАЙЛАМАУДЫҢ КЕСІРІ

Бірде Құркөл аулының әрі дос, әрі құрдас бес-алты жігітінің басы қосыла қалады. Әзілдері жарасып, әңгімелері қызған олар бара-бара келіншектерімен қалай танысып, қалай үйленгені жайлы хикаяға көшеді. Әлгілердің өтірік-шыны аралас бөсуін тыңдап отырып, қарадан қарап қалмауға бекінген аңғалдау Серік деген жігіт:

— Мен әйеліммен өте бір қызық жағдайда таныстым: мотоциклмен көрші ауылдағы апа-жездеме далақтап шауып бара жатып, алаңғасарлықпен жолда тұрған бір қызға «өнер» көрсетемін деп, қағып кеткенім. Амал жоқ, қыз «балтырым» деп бажылдай бастаған соң, артыма салып алып, сол ауылдағы дәрігерге алып бардым. Сынығы жоқ, байлап-матап берген соң, сыртқа шыға жөн сұрасып, танысып кеткеніміз. Кешікпей үйлендім,— деп, достарына сынай бір қарайды. Сонда оның сөзін іле-шала әзілқой досы Баттал:

— Кейбір ақымақ жігіттер осы жол апатының неге апарып соқтыратынын білсе ғой, алды-артына қарап, абайлаған болар еді. Көрмейсіңдер ме, мына Серіктің әумесерлігінің неге апарып соқтырғанын?— деп тұрып жүре беріпті.

Серіктің әйелінің шайпау, едіреңдеген есерлеу екенін білетін жолдастары бастарын қасып қала беріпті.

## БІР АЙ ТЫНЫШТЫҚ...

Ақтас аулының сұр бойдақ атанып қалған Боташ деген жігіті ақыры осы қазан айында үйленетіндігін айтып жар салған екен. Сонда Қадыр деген балалы-шағалы болып қалған бір досы:

— Сен осы сол қазан айын қоя тұрып, желтоқсанда үйленсең қайтеді,— деп кеңес беріпті. Түкке түсінбеген анау «неге» десе, әлгі:

— Бір-екі ай болса да құлағың тыныш жүрсін дегенім ғой,— деп, жанашырлық білдірген екен.

## «СЫПАЙЫ» ЖОЛАУШЫ

Жол сапардан қалаға қайтып бара жатқан болатынмын. Ауылдан шыға бере бір жігіт қол көтерген соң, серік болсын деп тоқтай қалдым.

— Кешіріңіз,— деді әлгі тым сыпайылық танытып,— ауырсынбасаңыз, менің мына тонымды қалаға ала кетіңізші...

— Жарайды, бірақ сол тоныңды кімге апарып бермекпін?— деппін аң-таң қалған мен.

— Егер Сіз қарсы болмасаңыз, әуреге салмай-ақ, сол тонымның ішінде өзім қала берсем қайтеді,— деп, күлімсіреген сыпайы жігіт қасыма келіп жайғасып жатты.

## АСПАЗДЫҢ ТАПҚЫРЛЫҒЫ

Жол ұзақ. Қарнымыз шұрылдап, сыр бере бастаған соң, бір елді мекеннің асханасына кіріп тамақтанып алуға бекіндік. Жолсерігім екеуміз қолымызға тиген тамағымызды алдық та, тамақтануға кірісіп кеттік. Әлгіндей болмай тісін басып, ыңылдай қалған жолсерігім аузынан бармақтай болт алып шығып, аспаздар жаққа адырая қарап, саусағымен ымдап шақырды. Толықтау келген жас келіншек көп күттірген жоқ, жетіп келді.

— Мынау дәп-дәмді сорпаға болт түсіріп алғандарыңыз қалай,— деді ол ашуға баспай, еріксіз жымғған болып.

— Ой, айналайын, қайным-ай, өзің де бір дүниеқор жігіт екенсің,— деді әзіліне әзілмен жауап берген аспаз келіншек.— Бар болғаны бір жүз сомға алған сорпаңа енді тұтас бір машинаның өзін салып берейін бе?

«Сөз тапқанға қолқа жоқ» деген, біз амалсыз тамағымызды ішіп, жөнімізге кеттік.

## БІР КӨЗ ДЕГЕН НЕ...

«Бірлік» совхозының білдей бір құрылыс маманы Қаражанның көзіне түскен жаңқаны алдырып, ауруханадан енді ғана оралған беті екен. Көңілін сұрауға келген көршісі Қасымға жағдайын айтып, шағынып, «осы

сол көзім кемтар болып қалмаса жарар едіге» басыпты. Сонда көршісі:

— Түү, сен де жоқты уайымдайды екенсің! Сол да сөз болып па, әлгі бір көзі жоқ осы ауылдың Есіркеп деген шалы ел-жұрттың мың қаралы малын шашау шығармай бағып жүр ғой. Ал сен қарамағындағы он шақты адамыңнан айырылып қаламын деп қорқасың ба,— деген екен.

## БӘКЕЛЕР МЕН БАҚАЛАР

Балташ Көпжасаров деген азамат «Жұлдыз» совхозына директор болып тағайындалған алғаш күні-ақ таныспақ ниетпен елдің атқамінерлерін жинап алған екен. Аты-жөндерін айтып, орнынан тұрып жатқандарға қараса «Б»-дан басталатын «Бәкеңдер» жетерлік-ақ болып шығыпты. Сонда директор өзінің бірінші басшы екенін бір сездіріп, қыр көрсетіп алайын дегендегісі ме:

— Былай болсын, жігіттер, «Бәкең» — мен, біреу болайын. Ал қалғандарың «Бақа» болыңдар,— десе керек.

— Онда былай болсын, Бәке,— депті қужақтау бас агроном басын қасып тұрып.— Бізді де жұрт айыра жүруі үшін анау тау жақта өскен бас бухгалтер Балтабай — тасбақа, ал мынау көл жағалаған бас мал маманы Бақтыбай — көлбақа, енді қырда өскен біз сияқтылар құрбақалар болсын деп, осы жерде хаттап бекітіп алсақ қайтеді...

Бастық салған бетте жігіттерінің шымбайына тигенін түсініп, үндемесе, намыстанып қалған атқамінерлер біраз дуылдасып, зорға басылыпты.

## ҰЗЫН МОЙЫН

Жазғы демалысқа шығып, қалаға бастауыш мектепте оқитын баласын ерте келген Бәкең көше қыдыртып,



жануар кесенесіне алып барыпты. Мойны сорайған жи-  
рафты көрген баласы таң-тамаша қалып:

— Көке, мына кереметтің мойны неге сонша ұзын?—  
деп сұраса керек. Сонда әкесі:

— Балам, көріп тұрған жоқсың ба, бұл «жираф»  
деген жануардың басы тым жоғары тұр ғой. Ал оны  
денеде ұстап тұру үшін өте ұзын мойын керек болғаны  
да,— деп түсіндіріпті.

## ҚҰДАЙДЫҢ ҚАЙ ҚАРҒЫСЫ?

Жаңажол аулында өткен бір батада қарттар әр түр-  
лі әңгіме айтып, өздері бала кезінде көрген ашаршылық  
жайына көшіпті. Сонда Сатыбалды деген молда тұрып:

— Бәрі де алланың жазуынан ғой. Бүгінгі жастар  
соны қолдан жасалған нәубет деп өзеурейтін болыпты,—  
деп көсемсіпті. Сонда есік жақта отырған Есіркеп деген  
жігіт іліп алып:

— Молдеке, жөн-ау дейік, сонда бұл қазағың құ-  
дайдың қарғысына ұшырайтындай не жазыпты?— деп  
төтесінен сауал қойыпты.

Отырған үлкендер:

— Тек, соққан,— десе, жауап таба алмай сасың-  
қыраған молда:

— «Жазмыштан озмыш жоқ» дегенім ғой, әйтпесе,—  
деп міңгірлей беріпті.

## КӨБІНЕ ҮЙДЕ...

Көктөбе аулының тілінің қотыры, ептеп-жазғышты-  
ғы бар Нөсербай дейтін жігіті аудандық, облыстық га-  
зеттерге бірер сықақ әңгімесін, мақалаларын шығарған  
соң, жұмысты қойып, «жазушымын» деп күмпііп жүре-  
ді. Бір күні кітапханаға келіп, оқырмандармен кездесу  
өткізеді. Жиналғандар алқа-қотан отыра қалып, сұрақ-  
тарды жаудырады келіп. Сонда бір бойжеткен:

— Ағай, Сіз осы соңғы кездері қайда істейсіз?— демеі ме. Әлгі беті бүлк етпестен:

— Көбіне үйде, ал сәті түсіп қалса, далада істей беремін,— десе керек.

Б а й т ұ я қ Ж а н ы м б е т.  
Павлодар облысы.

### «МӘДЕНИЕТ ҚАЙДА?»

Елуінші жылдардың бас кезінде Елубай деген малшы ферма бастығының үйіне келіп, аяғындағы шоқайымен төрге шығыңқырап отырыпты. Сонда ферма бастығы ренжіп:

— Елубай-ау, мәдениет қайда осы?— дейді.

— Мәдениет Нұрмағанбеттің үйінде ғой,— депті сонда Елубай.

Мәдениет — Нұрмағанбет деген кісінің әйелі екен.

— Әй, сөзің бар болсын, мені қатырдың,— деп, үй несі күле беріпті.

Ә. Қонарбаев.  
Маңғыстау облысы.

*Ойының тереңдігімен, тапқырлығымен, тілінің шешендігімен халыққа кеңінен танымал болған Бықыш — осы ғасырдың алғашқы жартысында Алтай өңірінде өмір кешкен адам. Қазір ел ішінде «Бықаң айтыпты» деген ұтымды да ұтқыр сөздер көп.*

### «ЕЛДЕН КЕТКЕН ЕР ТОЗАДЫ...»

Бірде Бықыш Биғажы дейтін адамға өкпелеп, Шіңгілге көшіп кетіп, бірақ жерсінбей жыл айналғанда қай-

та көшіп келіпті. Сонда амандаса келген ақсақалдарға  
Бықыш:

— Биғажыны аштан өлтіремін деп кетіп едім, өзім  
аштан өле жаздап қайтып келдім.

Жерден кеткен ел тозады,  
Елден кеткен ер тозады.  
Бәрінен де ұя бұзбай,  
Ұйымынан азбай отырған озады,—

— деген екен.

### АҒАТТЫҚ

Тыныбай дейтін бозбала Оспан деген адамның аулы-  
на сіңіп, оған бала болып жүреді. Сөйтіп жүріп Оспан-  
ның бір қызын алып қашпақ болғанда, ұсталып қалады.  
Оспан жазаламақ болады. Сонда Бықыш келіп:

— О, аға, ағаттық өзіңізден ғой!..

Ағаш құман бола ма,  
Алаш туған бола ма?  
Ағаштан жасалған құман күйіп кетпей ме,  
Алаштан туған бала түйіп кетпей ме?—

деген екен.

### БЫҚАҢНЫҢ БАТАСЫ

Жылқышы мен Тоңғақ дейтін екі бай құда екен.  
Олардың тойына келген Бықыш той табағының тым  
орта екенін көріп былай деп бата беріпті:

— Шыққан жері — Жықан (Жылқышы),  
Келген жері — Тоқаң (Тоңғақ).  
Келінге құтты болсын айта келген  
Алпыс жастағы Бықаң (Бықыш),

Мұны ептеп әкелдің бе?  
Ет деп әкелдің бе?  
Аллаһуакбар!

## ШЫР АЙНАЛҒАН ДҮНИЕ

Бықыш бір әділетсіздікті көргенде:

— Келеді күн жауғалы бұлт айналып,  
Шешеннен мылқау озған тіл байланып.  
Тұлпардан есек озып бәйге алып жүр,  
Кеткен соң дүние шіркін шыр айналып,—

деген екен.

## ҚҰРДАСТЫҢ БАҒАСЫ

Бықыштың құрдасы Ботыхан бір жолы:

— Мен қандаймын, сен баға берші,— депті.

Сонда Бықыш:

— Артыннан қарағанда, кептеген торсықтайсың,  
Алдыңнан қарағанда, сарқасқа борсықтайсың,—  
деген екен.

## «ҚАШҚАН ЖАМАН...»

Бірде Алтайға қашып келген Мамырбек деген адам  
Бықышқа сәлем беріпті. Сонда Бықыш:

— Әуелі асқан жаман,  
Асқан соң сасқан жаман,  
Сасқан соң қашқан жаман,—

деген екен.

3. Сейітжанов.

*Ақтөбе облысының Ырғыз ауданында туып-өскен Қапаз Еламанов аудандық басқару орындарында (1956—80. жылдары) қызмет істеген, ұтымды сөзімен жұртшылық арасында танымал болған азамат. Қазір республикалық дәрежедегі зейнеткер.*

## КЕЙІГЕННІҢ ЖӨНІ

Бір жылы ауданның бірінші басшысы аудан активтерін мал төлдету науқанын ұйымшылдықпен өткізуге совхоздарға уәкіл етіп жіберген екен. Соның бірі болып Қапаз да бір совхозға барыпты.

Екі-үш күннен кейін уәкілдікке жұмсаған басшының өзі совхозды аралауға шығып, жайлауда шаруа ұйымдастырып жүрген совхоз директоры Әлихан мен уәкіл Қапазды кездестіреді де, әрі қарай бірге аралап кетеді. Ол совхозда шаруаның жақсы ұйымдастырылғанына риза бола бастайды. Сөйтіп, жақсы көңіл күймен келе жатқан олар бір отардың төрінде төрт-бес қойдың теңкиіп өліп жатқанының үстінен түседі. Сұрастырып қараса, бақылаусыздықтан жемді көп жеп, жарылып жатқан қойлар болып шығады.

Басшы бұл жағдайға қынжылып, совхоз директоры мен ферма меңгерушісіне қатты кейістік білдіреді. Совхоз басшылары мойындап, қателікті түзейтінін айта бастапты. Біраздан кейін басшы да нығарлауын қойып, «ойламайсыңдар ғой» — деп, ақыл-кеңес бере бастаған көрінеді. Сол кезде булығып келе жатқан Қапаз: «Пәленшеке, сіз бұларға «ойламайсыңдар» деп кейімеңіз. «Айтқанды орындамадыңдар» — деп кейіңіз. Ойлайтын бізде бір-ақ орган бар және ол оның бірінші басшысы ғой. Әрқайсымыз әр жерде ойлағанда, жұмыс бола ма,

онан дағы бәріміз жұмылып, жұмыс тындырайық»,— депті.

Жаңағы басшы ақылға байыпты, сөзге тоқтайтын адам еді, Қапаздың мына сөзін түсініп, өзінің «ақылшы» бола бергенін артықсынып, тоқтап қалған екен.

### «ҚОРЫҚПАЙЫҚ — ҚАШАЙЫҚ»

Бір жылдары елде жеке қожалықтардан ет дайындау қаттырақ қолға алынып, ауданнан селолық Кеңестерге көмектесуге активтер жіберіледі. Солардың бірі болып Қапаз да барыпты. Селолық Кеңеске келгесін активтер бөлініп, совхоздың фермасына келіпті. Қапазға совхоз директоры Ибрагиммен бірге жүру керек болады. Ибрагим жұмысқа ыждағатты болатын. Олар төрт-бес күн бойы, күні-түні демей, малшыларды арадап, біраз іс тындырыпты.

Сол мал дайындап жүргенде кіші-гірім оқиға болып қалады. Бұлар бір малды ауылға кештете келіп, шаруаларын тындыру үшін адамдармен сөйлесе бастайды.

Жолмырза деген азамат қызулау екен:

— Менің беретін малым жоқ, айда, тартып отырыңдар,— дейді өктем сөйлеп.

— Басы артық малың бар, бересің,— дейді Ибрагим оған түсіндіріп.

— Сенің аламын деп күш көрсеткеніңе мал бергенше, көрейін сені,— деп, анау мылтығын әкелуге үйіне кіріп кетеді.

Сол кезде Қапаз:

— Ибеке, кетейік, қызу ғой, жазым қылар,— дейді.

— Не сонда, осындайлардан қорқып, істеп жүрген шаруаны тастаймыз ба?— деп Ибрагим көне қоймапты.

— Ибеке, айтуыңыз дұрыс, қорықпайық — қашайық, мас қой, жазым қылар,— деп, әрең дегенде Ибрагимді

көндіріп, бұлар зытып отырыпты. Сөйтіп, екеуі бір қатерден аман қалған екен. Содан ел аузында «қорықпайық — қашайық» деген лебіз қалып қойыпты.

## ОРИНДЫ КЕҢЕС

Қапаздың інілерінің бірі — Есенбай совхоз директоры болып тағайындалыпты. Кейін Қапаз оған кездескенінде:

— Шаруаң қалай? — деп сұрайды.

— Қапеке, шаруа келіспей жатыр. Аудан басшылары оның жайын біліп жүр ғой. Облыстың бірінші басшысы жуықта шаруашылықты аралайтын көрінеді. Бастық келіп: — «Директор жолдас, шаруаң нашар екен, бұған кім кінәлі?» — деп кейісе, не деймін. Соған кеңес беріңізші, — дейді директор інісі.

— Өзің айтшы, не дегің келеді? — деп, Қапаз директордың ойы байыпты емес екенін түсіне қояды.

Сонда жаңағы директор:

— Кемшілік анадан болды, мынадан болды, — деп, айналасындағыларды жамандай бастайды.

— Мына жауабыңмен, директор-ау, жұртқа жеккөрінішті болмайсың ба? Сосын сенің шаруаң қалай оңады. Оның дағы мендей қолынан іс келмейтін адамды совхозға директор етіп жіберген, бәсеке, кемшілікке сіз жауаптысыз деп қара да отыр.

— Ойбай, Қапеке-ау, онда мені ол таза құртады ғой, — деп қарқ-қарқ күліпті директор.

— Ендеше, шаруаңды түзе, ешкімнен кінә іздеме.

— Мынау кеңесіңізді алайын, — деп, директор қалжың болса да ағаның орынды кеңесін түсінсе керек.

## ТҮСІНІСУ

Үлкен кәсіпорын басшысы өзінің қарамағындағы бір қызметкерлерімен келісе алмай жүріпті. Кейін жаңағы

қызметкер ашынды ма екен, ашық айтысқа шығып, бастығының мазасын кетіре берсе керек.

Жаңағы бастық бірде Қапазға кездесіп:

— Қапеке, ортақ ағамызсыз ғой. Оңбаған пәленше әбден мазаны кетірді, жұрттан ұят болып барады. Соған түсінетін сөз айтып, қоюына себепші болсаңыз қайтер екен,— депті.

— Қалқам-ау, оның дұрыс қой, ол тындаса.

— Сізді тындамағанда, кімді тындайды,— деп, анау қолқалап қоймапты.

— Жарайды, мен саған сұрақ берейін, сен жауап бер. Екеуіңнің қайсың бастықсың? — дейді Қапаз.

— Мен — бастықпын.

— Онда сен ойлан, одан кешірім сұра. Кім бастық болса, сол алдымен тиіседі, сосын анау да қарап отыра ма?

Жаңағы бастық жігіт кешірім сұрауға намыстанып, біраз жүреді де, алдымен өзі тиіскенін іштей мойындап, онымен кешірімдеседі. Сөйтіп, Қапекеңнің арқасында екі азамат түсінісіп, татуласып кеткен екен.

## ТӨРТІНШІ ЖҰРТ

Шаңғытбай деген азамат бірде дастарқан басындағы әңгімеде:

— Қапаз, жігіттің үш жұрты болады екен, біз сенін бір жұртың — қайын жұртың боламыз, алдымен бізді сыйла,— деп қалжыңдайды.

— Шәке, жігіттің төрт жұрты бар емес пе,— дейді Қапаз, жұлып алғандай.

— Қайдағы төрт жұрт, жұрт үшеу: өз жұртың, нағашы жұртың, қайын жұртың,— деп, ол жеңістік бермейді.

— Шәке, оның дұрыс. Уақыт бір орнында тұра ма? Қазіргі социалистік қоғамымыздың дамуы барысында тағы бір жұрт қосылды ғой. Ол — бірге қызмет істей-



тін еңбектес коллективін. Оның төртінші жұрт бола алмайтын несі бар. Қуанышына бірге қуанады, қайғысын бірге бөліседі, әр кез қол ұшын беруге дайын тұрады,— дейді сонда Қапаз.

Сонда барып Шаңғытбай:

— Әй, осы сен, қайдағыны үйлестіріп, тауып ала қоясың,— деп мойындаған екен.

## ТІЛЕК

Бір азамат халықаралық әйелдер күні қарсаңында, сыйласып жүретін біраз жігіттерді қонаққа шақырыпты. Үстелге отырып болғасын үй иесі: «Қанеке, отырғандардың ішінде сізден үлкені жоқ екен. Міне, ініле-ріңіз бен келіндеріңізді құттықтап, рюмкадағы дәмді алдырып қойыңыз»,— дейді.

— Жиналған азаматтар мен мына отырған жүректес, мінездес, тілектес, тетелес, ізеттес, істес келінде-рімді келе жатқан әйелдер күнімен құттықтап, барлығына да жұмыста табыс, жеке бастарына бақыт тілеймін,— деп Қапаз алдырып қойыпты.

Отырғандардың ішінде біреуі: «Қапекен барлық келіндерін меңгеріп болыпты ғой,— деп қалжындапты. Сонда Қапаз: «Қарағым, мынауың оғаштау қалжың ғой. Сыйластықтың түрі көп, менің атағанымның бәрі сыйластықтан туған атаулар. Мынау Талайлы келіннің де, менің де жүрегім ауырады, еміміз бір болса — жүректес болмаймыз ба. Расбек келіннің сөзі де, мінезі де ұқсас — мінездес болмай ма. Үрбибі келін мереке сайын құттықтап, ізгі тілек тілеп тұрса — тілектес болмай ма. Қадиша келін жасы жағынан жақын болса — тетелес болмай ма. Базар келін жібектей сөзімен, шынайы құрметімен, ізетімен иіліп тұрса — ізеттес болмай ма. Роза келінмен қызметтес болсақ, бір салада істесек — істес болмай ма?» — деп жауап беріпті.

— Сондай сұраққа ықыласың кетіп тұрса, рұқсат, қарағым,— дейді Қапаз.

— Аман болсақ, біз де келеміз ғой. Елудің қандай құпиялары болады екен, соны айтыңызшы,— дейді інісі.

— Елудің ерекше құпиясы болмаса, елу бола ма? Елудің өзім білетін үш құпиясы бар сияқты. Елуге толған соң, көңілің ағарып, тілейтінің ел-жұрттың, азаматтардың аманшылығы мен абыройы екен. Екінші — бойыңдағының барлығын сыртқа шығарып, жеңіл жүргенді ұнатады екенсің. Үшінші — кемпір жанды боласың,— дегенде, отырған жігіттер: «Елуің жаман емес екен ғой»,— деп, мәз болып қалыпты.

## ҚАДІРЛІ МҮШЕ

Сейілхан деген азамат 60 жасқа толып, зейнетке шығуына байланысты көңіл жетер адамдарға үйінен дәм татырады. Отырысты басқарушы отырғандарға сұрақ таратып беріп: «Осы сұраққа тост көтерудің реті келгенде қоса жауап берерсіңдер»,— дейді.

Қапазға тигені «адамның қай мүшесі қадірлі, соны айтасыз» деген сұрақ екен. Сөзі реті келгенде ол: «Адамның басынан қадірлі мүшесі жоқ. Сондықтан тіміскілік, жіміскілік сияқты әрекеттермен бастың қадірін түсірмендер»,— дейді.

Асабаның күткені басқа жауап болса керек, ал жұрт мына жауапқа риза болып қалыпты. Отырғандардың ішінде тіміскі, жіміскілікпен айналысатын біреулер болса керек, олар төмен қарап қалған екен.

## ӘЛСІЗДІКТІҢ БЕЛГІСІ

Қапазбен қызметтес Жаңалық деген жігіт:

— Қапеке, мына бастық оңнан-солдан өсек тындап келіп, жазықсыздан жазықсыз тиісе береді. Бүйте берсе, шатысам шығар,— деп кынжылысын білдіреді.

— Жәке, бастықты сыйлайтын реттер көп, шатыспағаның мақұл. Шатыс коллективтің ырқын кетіреді,— дейді Қапаз.

— Сонда оның өсекке еріп, тиіскеніне көне беремін бе?


— Әлсіз адаммен шатысқанша, көне бер, қайтесің.

— Қапеке, бастық әлсіз болатын ба еді?

— Жәке-ау, өзің емес пе, «бастық өсекке еретін адам»,— деп отырған. Тек әлсіз адамдар ғана өсек арқылы өзіне қолдау тапқысы келеді. Ол — әлсіздік, сол өсегі ақыры өзін қабады, шатыспай-ақ қой,— деп Қапаз басу айтады.

Қапаздың мына сөзінен кейін Жаңалық райынан қайтқан екен. Ақыры Қапекеңнің айтқаны келіп, жаңағы бастық оңбаған көрінеді.

Р. Өтемісов.  
Ақтөбе облысы.



## **АУЫЛДЫҢ АЙТҚЫШТАРЫ**

**Екінші кітапша**

**Құрастырған — Жанат Елшібек**

**Суретшісі — Б. Оспанов**

**Көркемдеуші редакторы — Б. Ақанаев**

**Техн. редакторы — Г. Сәбитова**

**ИБ № 924**

Терімге 30.03.94 тапсырылды. Басуға 24.05.94 қол қойылды. Форматы  $70 \times 108 \frac{1}{32}$ . Типографиялық қағаз. Жоғары тәсілмен басылған. «Әдеби» қаріп түрі. Шартты 3,15 баспа табақ. Есептік 2,67 баспа табақ. Таралымы 20 000 дана. № 302 тапсырыс.

Қазақстан Республикасы Баспасөз және бұқаралық ақпарат министрлігінің «Өнер» баспасы, 480124, Алматы қаласы, Абай даңғылы, 143.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің баспаханасы, 480016, Алматы қаласы, Д. Қонаев көшесі, 15/1.

